



АТА ЗАҢ – ЕЛІМІЗДІҢ АЙБАРЫ!



@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№102 (4071) | Сенбі | 29 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY



ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТЫ ТОҚТАТҚАН ТҰЛҒА

Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шарты ұйымының атқарушы хатшысы Лассина Зербо Қазақстанның ядролық қарусыз әлем құрудағы жаһандық күш-жігерге қосқан ерекше үлесін ескеріп, Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа мәртебе беру туралы бастама көтерді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық сынақтардан азат әлем үшін чемпион» мәртебесіне ие болды. Бұл шешім БҰҰ Бас Ассамблеясының 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне арналған арнайы сессиясында жарияланды.

5



«АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ» ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТЕДІ

Биыл елімізде 2020-2021 жаңа оқу жылында орта мектеп оқушыларының жалпы саны 3,3 миллион баланы құрайды. Елордасы – Нұр-Сұлтан қаласында 202 мыңнан аса оқушыға білім беріледі деп болжанып отыр.

Жаңа оқу жылы әдеттегідей 1 қыркүйекте басталады. Бірақ «Алғашқы қоңырау» мерекесі карантин жағдайына байланысты онлайн форматта өтеді.

6-7



Beika Tasmagambet

25 ЖЫЛ

Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Конституция 25 жыл бойы елдегі тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етіп, жасампаздық пен прогрестің берік кепілі болып келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепіліне айналды» деп атап өткен болатын.

Конституция қабылданған күннен бастап елімізде тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізіп жатқан маңызды реформалар жасалды.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Конституцияның жасампаздық әлеуеті әлі де зор екенін атап өтті.

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!

Құрметпен,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 498.5 \$ USD/KZT 421.5 ₸ RUB/KZT 5.63 ¥ CNY/KZT 58.82

www.astana-akshamy.kz



41870223050016



ЕЛ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

» «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу өткізді.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі Бюросының алдағы отырысының күн тәртібін және партия-

ның сайлауалды тұғырнамасының негізгі тармақтарын қарастырды. Әңгіме барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті мен Мемлекет

басшысы дағдарыстан кейінгі кезеңде еліміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

ЕЛБАСЫ СЕНАТ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

» «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевпен кездесті

Кездесуде Сенат депутаттарының өңірлерге сапарларының қорытындылары мен жоғарғы палатаның алдағы сессияға арналған жұмыс жоспары талқыланды.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев пен Мәулен Әшімбаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға бағытталған бастамаларды заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері туралы пікір алмасты.



ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕГІ ДИДАРЛАСУ

» Достық үйінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордадағы ұлттық мәдени орталықтардың өкілдерімен кездесті.



Еліміздегі бірлік пен тұрақтылыққа дәнекер болып жүрген ұлттық мәдени орталықтардың өкілдерін, мерекелік кездесуге жиналған барша қауымды Ата Заңымыз – Конституцияның 25 жылдығымен құттықтады. Кездесу барысында мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді еліміздің негізгі заңы туралы, оның ерекшеліктері мен жетістіктері жайлы әңгімелеп берді. Парламент Мәжілісінің депутаты Наталья Жұмаділдаева да өз ойын ортаға салды. «Осы жерде отырған адамдардың арасында Қазақстан Конституциясының

бастауына куәгер болған, Елбасымен бірге негізгі заңның құрылуына және қалыптасуына үлес қосқан еліміздің патриоттары да отыр» деді халық қалаулысы.

Өзбек этномәдени орталығының төрағасы Шерзот Пулатов медиация мәселесі туралы сөз қоғады. Ол орталық аясында 18 медиатордың жұмыс істейтінін, олардың қоғамдағы, азаматтар арасындағы достық пен келісімді нығайтуға қосып жатқан үлесін атап өтті. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақстан халқы ассам-

блеясы кафедрасының меңгерушісі Халил Маслов қоғамдағы төзімділік, ұлтаралық қатынастағы бірлікті сақтаудың маңыздылығына тоқталды. Осы ретте кафедра аясында атқарылып жатқан жұмыстардың жақсы нәтиже беріп жатқандығын баяндады. Бүгінгі таңда осындай ҚХА кафедралары еліміздің 40 жоғары оқу орындарында ашылған.

Мереке қарсаңындағы кездесудің соңында елорда әкімі Алтай Көлгінов бір топ ҚХА мүшелеріне «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

АЗАМАТТАР ЕЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСҚЫСЫ КЕЛЕДІ

» Елбасының төрағалығымен Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің Бюро отырысы өтті.



Отырыста Бюро мүшелері «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – Nur Otan партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын «қайта жандандыру» бағдарламасының жүзеге асырылуын және партияшілік сайлау өткізуді талқылады.

Қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Елбасы қазіргі уақытта қоғам тарапынан праймериздерге үлкен қызығушылық байқалып отырғанын атап өтті.

– Адамдар елдің қоғамдық және саяси өміріне белсенді қатысқысы келеді. Біз партияны қайта жүктеудің дұрыс векторын бірлесіп шешу үшін ашық диалогты қамтамасыз ету маңызды. Праймериздің міндеті – халықтық партиялық тізімдерді қалыптастыру. Бәсекелестік негізде жоғары қоғамдық қолдауы бар, нақты жағдайды білетін беделді көшбасшыларды, белсенді адамдарды таңдау керек, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Nur Otan партиясының төрағасы праймеризге қатысушылар жергілікті жерлердегі күрмеуі қиын мәселелерді ашық көтеріп, кемшіліктерді анықтап, нақты шешімдер ұсынуы тиіс екенін атап өтті.

– Біз өз өңірін және елін дамытуға іс жүзінде атсалысуға дайын барлық адамдарға арнап «әлеуметтік лифт» құрдық.

Қыркүйек айында жергілікті бағдарламалардың барлық 216 жобасы жарияланатын болады. Кеңінен талқылау электоралдық міндеттерімізді халықтың сұраныстары мен мұқтажықтарына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бес жылдық мерзімге арналған бағдарламалар халықтың пікірін ескере отырып қай-

та пысықталады, әр аудан, қала және облыстың бюджеттік мүмкіндіктерімен үйлестіріледі, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы партияшілік іріктеу кезеңдерін жүзеге асыру бойынша сапалы ұйымдастырылған жұмыспен қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды.

– Праймеризді адал, ашық түрде және барлық қатысушыларға тең ережелермен ұйымдастыру керек. Партияшілік үгіт-насихат қыркүйекте басталады. Елдегі коронавирус инфекциясы жағдайына байланысты оны Денсаулық сақтау министрлігінің ұсыныстарына сай өткізу қажет. Барлық қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы керек. Халық денсаулығы басты назарда болады, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Партия Төрағасы сөзінің соңында елдің әрі қарай дамуы мен қоғам бірлігін нығайтуда Nur Otan партиясының орны ерекше екенін атап өтті.

«Партия қазақстандықтарды праймеризге қатысушыларға қатысты тиіс. Біз бірлігімізді сақтай отырып қана кез келген қиындыққа төтеп бере аламыз. Елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтау үшін жасалып жатқан үйлесімді жұмыс аса маңызды» деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев партияшілік іріктеу кезеңдерін жүзеге асыру бойынша сапалы ұйымдастырылған жұмыспен қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды.

Сондай-ақ мәжіліс барысында Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек пен Бюро мүшесі, Премьер-министр Асқар Мамин баяндама жасады.

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

» Мемлекет басшысы ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «XXI ғасырдың Конституциясы – құқық үстемдігі, адамның құндылығы және мемлекеттің тиімділігі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның және Азия конституциялық соттары мен балама институттар қауымдастығы IV Конгресінің пленарлық отырысына онлайн режимде қатысты.

Президент 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданғанын, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ата Заңымызға идеялық тұрғыдан бастамашы болғанын, іргелі құжатты әзірлеу жұмысын Елбасының өзі басқарғанын атап өтті.

– Конституция Тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланды. Еліміздің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, құқық үстемдігі және демократия қағидаттары бас құжаттымызда айқын көрініс тапты. Конституцияда Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттілігін қалыптастыру үшін аса маңызды құқықтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттар да айқындалды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның мазмұны уақыт талабына сәйкес жетіліп, жаңартылып отыратынын, оның заңды құбылыс екенін айтты. Бүгінде бүкіл әлемнің кескін-келбеті өзгеріп жатыр. Осындай кезеңде Қазақстан да көштен қалмай, қарқынды дамуға. Сондықтан қалыптасқан жаңа ахуалға сай Ата Заңның мәтініне қосымша құқықтық тетіктер мен талаптар енгізіліп отырады.

– Ата Заңымыз қабылданған ширек ғасыр ішінде үш конституциялық реформа жасалды. Бұл жұмысқа азаматтық қоғам кең көлемде атсалысты. Дегенмен Конституцияның жасампаздық әлеуеті әлі де зор. Әсіресе, қоғам тарапынан туындаған әлеуметтік-э-



кономикалық және саяси сипаттағы талап-тілектерге толыққанды жауап беретіндей мүмкіндіктері мол екені сөзсіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жалпыға ортақ демократиялық қағидаттарды нығайта түсу, адамдардың және азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдікті күшейту еліміздің алдында тұрған басты міндет екеніне тоқталды.

– Парламент Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасы бойынша бірқатар маңызды заңнамалық өзгерістерді қабылдады. Елімізде бейбіт жиналыстар туралы демократиялық тұрғыдан мүлде жаңа заң күшіне енді, саяси партияларды құру және тіркеу үдерісі едәуір жеңілдетілді, сайлаудағы партиялық тізімдерге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді, сондай-ақ жала жапқаны үшін қылмысқа тарту талабы алынып тасталды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ата Заңның ережелерін жүзеге асыру ісінде Конституциялық кеңестің маңызы ерекше екенін, аталған кеңес Конституцияның ел аумағында үстемдік етуді қамтамасыз етіп, конституциялық талаптардың мән-мазмұнын түсіндіру тұрғысынан орасан зор жұмыс атқаратынын жеткізді. Сонымен қатар биыл Қазақстанның Конституциялық

кеңесі Азия конституциялық соттары қауымдастығы мен Конституциялық бақылау органдарының еуразиялық қауымдастығына төрағалық етіп жатқанын атап өтті.

Президент сөз соңында конференцияға қатысушыларды Ата Заңның мерейлі мерекесімен құттықтады.

– Қазақстан Конституциясында әлемдік құқықтық ойдың озық жетістіктерімен ұштасқан қазақ халқының сан ғасырлық бай тәжірибесі және даналығы көрініс тапқан. Ата Заңымыз алдағы уақытта да мемлекетіміздің саяси және экономикалық тұрғыдан табысты дамуының айнымас кепілі боларына сенімдімін. Баршаңызды Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығымен құттықтаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция барысында Еуропа кеңесінің құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының президенті Джанни Букиккио, Еуразиялық Экономикалық Одақ сотының төрағасы Жолымбет Бәйішов, Германия халықаралық құқықтық ынтымақтастық қорының бас директоры Фрауке Бахлер, Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің басшысы Дьердь Сабо сөз сөйледі.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының атынан сіздерді тамаша мерекемен құттықтаймын! 30 тамызда біздің еліміз Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын атап өтеді!

Еліміздің негізгі заңының мерейтойы — республиканың әрбір азаматы үшін тарихи оқиға. Көп ұлтты Қазақстан үшін Конституция тұрақтылық пен дамудың, жалпыұлттық құндылықтарды сақтаудың, құқықтарды, бостандықтарды және заң алдындағы теңдікті қорғаудың кепілі болды.

Құрметті елорда тұрғындары! Біз сіздермен бірге қаламызда болып жатқан өзгерістердің белсенді қатысушыларымыз. Тек бірлескен күш-жігермен ғана еліміздің негізгі заңына сүйене отырып, экономиканы нығайту, адамдардың әл-ауқаты және қоғамдағы тұрақтылықты арттыру жөніндегі міндеттерді шешеміз!

Осындай барлығымыз үшін маңызды күні сіздерге, елорданың құрметті азаматтарына денсаулық, бақыт пен амандық, бейбітшілік пен келісім тілеймін!

Мажит Шайдаров,
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

» Мемлекет басшысының Жарлығымен 150 медицина қызметкері Конституцияның 25 жылдық мерекелік медалімен марапатталды.



Мерекелік салтанатты жиында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой еңбегі бағаланған медицина қызметкерлерін наградаларымен құттықтап, еліміздің конституциялық дамуының бірегей тұжырымдамасын қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор екендігін атып өтті. Еліміздің басты Заңы Елбасының институционалдық реформалары мен саяси

бастамаларын қамтитынын еске салды. «Конституциямызда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандықтарын сақтау ең жоғары құндылықтар бекітілген және азаматтардың мүддесіне қызмет етеді.

Еліміздің негізгі Заңы халықтың денсаулық сақтауын басты құқығын қорғайды. Басты құқықтық құжаттың 29-бабында азаматтардың тегін кепілдендірілген медициналық көмек алу құқығы бекітілген» деп атап өтті министр.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

» Конституция күні қарсаңында құрылыс саласының еңбек сіңірген қызметкерлеріне мерейтойлық медальдар мен алғыс хаттар табыс етілді. Бұл туралы Алтай Көлгінов өзінің instagram парақшасында жазды.



«Бүгін Қазақстан Құрылысшылар одағының өкілдерімен кездесу өтті. Құрылыс жұмыстарының сапасын жақсартып қана қоймай, мерзімін қысқартуға мүмкіндік беретін бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, нысандарды жобалау мен салуға рұқсат беру құжаттама-

сын дайындау мерзімдерін қысқарту, процесі автоматтандыру және құжаттарды әзірлеудің неғұрлым ашық процесін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

ҚР Құрылысшылар одағы тұрғын үй құрылысы кезінде тұрақ орындарының санын азайту бөлігінде нор-

мативтердің өзгеруін қарастыруды ұсынды, өйткені тұрақ орындарының көп болуы тұрғын үйдің қымбаттауына алып келеді. Мәселені жүйелі деңгейде қарастырамыз.

Құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасында қала өсіп, дамып келеді. Биыл қолжетімді тұрғын үй көлемі үш есе, салынған мектептер саны екі есе артты. Сонымен бірге жолдар, аулалар мен тынымбақтар, ірі спорт ғимараттары, балабақшалар, медициналық орталықтар салынып жатыр. Қала мен халық үшін маңызды басқа да бірқатар нысандардың құрылысы қолға алынды. Өзара жауапкершілік те болуы керек. Компаниялар құрылысқа кіріскен кезде сапалы құрылыс жүргізіп, міндеттемелерін толық көлемде орындауы қажет. Өз тарапымыздан көмек пен қолдау көрсетеміз.

Осындай кездесулер мен онлайн-кеңестерді тұрақты негізде: медициналық мекемелердің бас дәрігерлерімен, оқу орындарының директорларымен, кәсіпкерлермен, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдерімен және т. б. өткіземіз» деп жазды А.Көлгінов.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

» Конституция күніне орай мемлекеттік қызметке қабылданған бір топ елордалықтар ант қабылдады

Атап айтқанда, Алматы ауданы әкімінің аппаратында мемлекеттік қызметке қабылданғандардың ант қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шара барысында аудан әкімі мемлекеттік саясаттың жолсерігі болып табылатын мемлекеттік қызметшілердің ерекше рөлін атап өтті. «Азаматтардың өмір сүру деңгейі және жалпыұлттық жобалар

мен бағдарламаларды іске асыру біздің жұмысымыздың сапасына байланысты болады. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің жұмысы жауапкершілікті, адалдықты және қажырлы еңбекті талап етеді» деп атап өткен аудан әкімі Бектенбай Есполов мемлекеттік қызметке кіргендерге ел игілігі үшін барлық игі бастамаларында табыс тіледі.



МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – АТА ЗАҢ

» Ата Заңымыз – Конституцияға биыл 25 жыл толып отыр. Басқа дамыған мемлекеттер үшін ширек ғасыр аз уақыт шығар, ал біз үшін осы жылдар жасампаздық пен мемлекетіміздің қалыптасу жылдары болды десек, еш қателеспейміз.



Зулфухар ФАЙЫПОВ,
Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры,
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

Қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт ретінде отанымызды мекендеген барлық ұлттарды бауырына тартып, өзінің дархандығын танытты, бейбіт азаматтық қоғам орнатты. Соның арқасында айрандай ұйыған, әлемдік қауымдастық толық мойындаған демократиялы, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құрдық. Қазақ елінде заң үстемдігін орнатамыз десек, ең алдымен Конституцияны және осыған негізделген барлық заңдар мен өзге де құқықтық актілерді бұлжытпай орындап, сақтай білуіміз керек.

Қазақ мемлекеті өзінің жаңа тарихи дамуында республикалық мемлекеттік түрге ауысқалы КСРО заманында 3 рет (Қазақ АКСР Конституциясы 1926 жылы, Қазақ КСР Конституциясы 1937 жылы, Қазақ КСР Конституциясы 1978 жылы), ал егемендік алғаннан кейін 1993 жылы және 1995 жылы 30 тамызда жалпыұлттық референдум негізінде қазіргі қолданыстағы Конституцияны қабылдады.

1995 жылы 30 тамызда респуб-

ликада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы – оның мазмұнының сапасында еді. 1993 жылғы Конституция негізіне парламенттік республика моделі алынған болатын.

Жаңа Конституция әлемдік өркениеттің ең жоғары құндылықтарын бойына сіңірді. Сонымен бірге бұл Қазақстанның жаңа тарихындағы ең озық үлгідегі бүкілхалықтық референдумда қабылданған негізгі заң болды. Нақтырақ айтқанда, жаңа Конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Оның демократиялығы ең алдымен, мемлекеттегі биліктің қайнар көзі халық екендігінен көрінеді.

Басты құжаттымыз Конституцияның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген, яғни халықты жоғары биліктің иесі ретінде тану – ел тәуелсіздігінің көрінісі.

Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен бастап оның ажырамас құқықтарына да қатысты талаптар енді, яғни қолданыстағы Ата Заңда адамның табиғи құқықтарының үстем болуы – мемлекет қызметінің негізгі бағыты десек еш қателеспейміз.

Қазіргі Ата Заңда Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, биліктің үш тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім де өзгерістерге ұшырады.

Конституцияны талқылау кезеңінде еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік кеңесінің мүшелері және Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың талқылау шараларына атсалысты. Айта кетейік, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген негізгі заң да осы – 1995 жылы қабылданған Конституция болды. Қазір келтіріліп жүрген ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3 миллионнан аса азамат қатысыпты.

Тағы бір айта кететін дерек, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі Ата Заңымыздың қалыптасуы мен қабылдануына тікелей атсалысты. Дамыған Еуропа мен Азия және Америкадағы 20-дан аса мемлекеттердің Конституцияларын саралап, өз ұсынысымен жаңа конституцияның жобасын 1994 жылы Әділет министрлігіне тапсырған болатын. Нақ осы үлгі-жоба бүгінгі Ата Заңымыздың негізін қалаған еді. Бүгінде 1995 жылы қабылданған Конституцияның да басты авторлары – Қазақстан халқы мен оның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев деп толық сеніммен айтуға болады.

1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдумға сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысты. Халықтың 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. Конституция барлық қазақстандықтардың ой-пікірін есепке ала отырып жасалған құқықтық-саяси құжат болды. Бұл үдеріс Ата Заңға ерекше үстем күш беріп, оның әлеуетін арттырады.

Осылайша дүниеге келген Конституция тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымыздың басты кепілі болды. Сонымен қатар қолданыстағы

Конституция республика өмірінде экономикалық қана емес, саяси өзгерістерге де жол ашты. Қос палаталы кәсіби Парламенттің жасақталуы да соның жарқын айғағы. Бұл Конституция мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекіте отырып, оны шашыраңқы күйден біртұтас, жұмылған жұдырықтай жүйеге айналдырды. Мемлекеттік билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін күшейтті. Халық пен мемлекеттің арасындағы коммуникативтік күшке айналды.

Әлемді жайлаған пандемия жағдайында да мемлекетіміз Конституцияда көрсетілгендей әлеуметтік мемлекет екенін толық дәлелдеп шықты. Қоғамдағы аз қамтылған отбасылар мен әлсіз топтарды әлеуметтік жағынан қолдап, ерекше көмек көрсетті. Осы мақсатта мемлекеттік қордан қыруар қаржы бөлінді. Соның арқасында еліміз біртіндеп бұл нәубеттен де абыроймен шығып келеді.

Ең бастысы, Қазақстан мемлекетінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берді. Келешекте заман ағымына қарай Ата Заңымыздың өзгеріске ұшырауы – заңды құбылыс. Бірақ біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану, құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау. Бұл – еліміздегі әрбір азаматтың міндеті мен парызы.

Түйіндей айтсақ, 1995 жылы қабылданған Ата Заң мемлекеттің шұғыл бетбұрысын қамтамасыз етіп, Қазақстанның қазіргі жеткен жетістіктерінің бірден-бір кепілі бола алады. Оны дәлелдеп жатудың өзі де артығырақ. Баршаңызды Конституцияның 25 жылдығымен құттықтай отырып, еліміздің іргесі аман, келешегі кемел болсын, мемлекетіміздің негізі – Ата Заңымыз жасампаз болсын дегім келеді.



Әбдіжәлел БӘКІР, қоғам қайраткері:

КОНСТИТУЦИЯ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Біздің елімізде 30-ға жуық ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер бар. Бірақ солардың ішінде Конституция мерекесін білгімеу көреміз. Себебі Конституцияда – мемлекетіміздің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және т.б. мәселелер қарастырылған. Барлық заң – Конституциядан бастау алады.

Конституцияда зайырлы, құқықтық-демократиялық мемлекет құрамы деген үлкен міндеттер қойылды. Әрине, кейбіреулер бұған қанағаттана бермейтін жағдайлар болады. Бірақ мына мәселені ескеруіміз керек: Батыстың кейбір елдерінің Конституцияларын қабылдағанына ғасырлар болды. Ал біздің Конституциямызға 25 жыл толып отыр. Және осындай уақытта бәрі бола қалмады деп күтудің өзі де астамшылық. Мен бүгінгі қоғамымыздан белгілі бір саяси, әлеуметтік өзгерістердің нышанын байқап, елдің келешегі мен Конституцияның болашағы жарқын болады деп сенемін. Шын мәнінде, күндердің күні Конституцияда көрсетілген теңдік, ынтымақ, татулық секілді үш ұғымның биігінен көрінеміз деп ойлаймын.

Сондықтан жұртшылықты, газет оқырмандарын қасиетті де, саяси күнмен құттықтап, барлық отбасыға амандық, денсаулық, бақыт тілеймін!

ЗАҢДЫЛЫҚ ТАРИХЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ

» Елордада Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған «Ата Заң: «Жеті жарғыдан» Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына дейін» тақырыбында онлайн жиын өтті. Оған белгілі құқықтанушылар, ғалымдар, мемлекеттік қызметкерлер мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, қаламыздың белсенді жастары қатысты.

Жиында еліміздің Конституциялық кеңесінің мүшесі Рахмет Мұқашев Ата Заңды әзірлеу барысына шолу жасап, оның әлемдегі көп елдің конституцияларын зерделей келе, еліміздің Конституциясының негізі ретінде Франция Конституциясы алынғанын айтты. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының профессоры, еліміздің бірінші сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов Ата Заңның қазіргі құндылықтарына тоқталды.

«Қазір Қазақстанның өз заңды

шекарасы бар. Шекарасыз тәуелсіздік болмайды. Біздің елдің территориясында орналасқан ядролық қарудың арсеналынан өз еркімен бас тарту мемлекет экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді. Өзінің сыртқы саясатының қалыптасуы Қазақстанның әлемдік аренада жалпыға танылған ойыншыға айналуына мүмкіндік берді» деп атап өтті Төлеутай Сүлейменов.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен өз сөзінде негізгі заң Қазақстан халқына таңдау құқығын бергендігін атап

өтті.

«Елбасы Конституцияның қоғам мен ел өміріндегі ерекше рөлін үнемі айтып келеді. Кеше Мемлекет басшысы атап өткендей, Конституция біздің тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін жасады. Мемлекеттің жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жарияланды. Бұл құжатта елдің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, заңның үстемдігі және демократия принциптері шоғырландырылды. Жаңа астананың дамуы бүкіл Қазақстанды



түбегейлі өзгертті, оны экономикалық тұрғыдан қуатты және саяси тұрақты мемлекетке, жауапты және беделді халықаралық серіктеске айналдырды. Қазақстанның астанасы біздің мемлекетіміздің тәуелсіздік

жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерін бейнелейді, елдің қуатын және оны одан әрі дамытудың жоғары әлеуетін көрсетеді» деп қорытындылады онлайн жиында Бақтияр Мәкен.

ҚАСІРЕТ СЫНАҒЫ ТОҚТАҒАН КҮН

» Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық сынақтардан азат әлем үшін чемпион» мәртебесіне ие болды. Бұл шешім БҰҰ Бас Ассамблеясының 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне арналған арнайы сессиясында жарияланды.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Пандемиялық жағдайға байланысты аталған шара онлайн форматта өтті. Отырысты ашқан БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-інші сессиясының төрағасы Мұхаммад Тижани-Банде Қазақстанның ядролық сынақтарға тыйым салудағы атқарған рөліне тоқталды. «1945 жылдан бастап әлемде 2000-нан аса ядролық сынақтар жүргізіліп, планета мен адамзатқа, бірнеше буын ұрпаққа зор қасірет әкелді. БҰҰ құрылғанына 75 жыл өтсе де, ядролық қауіптің бұлты сейілген жоқ, мыңдаған ядролық қару қоймаларда әлі сақтаулы тұр» деді БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы.

БЕЙБІТ КҮНДЕ ЗАРДАП ТАРТҚАН

1949 жылы 29 тамызда Кеңес одағы Абай және Абыралы аудандарында халыққа алдын ала ескертпей, қуаттылығы 30 килотонна болатын алғашқы атом қаруын сынақтан өткізді. 2 жылдан кейін, яғни 1951 жылы 18 қазанда тағы да осы аумақта уран бомбасы сынақ ретінде жарылса, араға тағы 2 жыл салып, қуаттылығы 500 килотонна болатын сутек бомбасы сыналды. Бұл мұндай қуатты қарудың дүние жүзінде алғаш рет жер үстінде сынақтан өтуі еді. Полигон Семей облысымен қатар, Павлодар және Қарағанды облыстарының біраз жерін қамтыды. Ядролық сынақтар мұнымен тоқтап қалған жоқ. Атап айтқанда, 1961-1962 жылдары әуеде және жер үстінде 50-дей ядролық бомба сыналды. Тек 1963 жылы 10 қазанда Мәскеуде КСРО, АҚШ және Ұлыбритания арасында қабылданған «Үш жағдайда сыналатын: әуеде, космоста және су астында ядролық қаруға тыйым салу» туралы халықаралық келісімі күшіне енгеннен кейін жарылыстар тек жер астында жүргізіле бастады. Бірақ жер астындағы жарылыстар да аз болған жоқ. 1963-1988 жылға дейін жер астында 343 ядролық жарылыс жасалды. Осы ядролық сынақтардың әсерінен радиоактивті шөгінділер жарылыс болған эпицентрден бұлттар мен жел арқылы таралып, радиацияның деңгейі 448 бэр-ге дейін жеткен. Осылайша Семей ядролық полигонында ауада және жер бетінде сыналған ядролық зарядтардың қосынды қуаты АҚШ-тың 1945 жылы 6 тамызда, яғни тура 75 жыл бұрын Жапонияның Хиросима қаласына тастаған атом бомбасынан 2,5 мың есе асып түскен.

Зиянды радиоактивтік заттар топырақты, суды, егістік жерлерді және жайылымды ластанды. Ядролық жарылыстар нәтижесінде сынақ аймағына жақын орналасқан территориядағы адамдар



радиациялық зақымдар алды. Қасіреті қалың қазақ халқы ай мен күннің аманында Жапон халқы сияқты атом зардабын тартқан елге айналды.

ҰЛТТЫ ҚҰТҚАРУДАҒЫ ҰЛЫ БАСТАМА

1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу мақсатында құрылған «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов басқарды. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарулы ауылында КСРО және АҚШ президенттеріне ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі үндеу жолданды. Ядролық сынақтардың қатері жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялана бастады. Адамзаттың тағдырына қатысты бұл мәселе тек республика аумағында ғана емес, шетелдерде де талқыланды. Көтерілген бастамалардың нәтижесінде КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы шешім қабылдады. Алайда бұл ядролық сынақ түбегейлі тоқтады дегеннен дерек бермейді.

Ядролық қаруды толықтай жабуға Елбасы Н.Назарбаевтың 1991 жылы 29 тамызда қол қойған «Семей ядролық полигонының жабылуы туралы» Жарлығы негіз болды. Атап айтқанда, елбасымыз атом сынақ орнын тарс жауып, бүкіл адамзатты атом қаруынан

бас тартуға шақырды. Елбасының бұл қадамы бір жағынан өз халқы үшін істеген тағы бір абройлы жұмысы болса, екіншіден елбасының бұл бастамасы әлем елдерінің, халықаралық ұйымдардың Қазақстанға деген сенімі мен құрметін тіпті жоғарылата түсті. Елбасының да беделін арттырды. Елбасының араға 30 жылға жуық уақыт салып, «әлемдік чемпион» атанып жатқаны соның айғағы.

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК, ҒҰМЫРЛЫ ҚАДАМ

БҰҰ-ның қарусыздану жөніндегі Жоғарғы өкілі Изуми Накамицу елбасымыз марапатталған іс-шарада БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің үндеуін жеткізді. Бас хатшы өз үндеуінде жаһандық ядролық сынақтарға тыйым салуды кешеуілдетуге ешқандай себеп жоқ екенін айтты және әлем мемлекеттерін ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қойып, ратификациялауға шақырды.

Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шарты ұйымының атқарушы хатшысы Лассина Зербо Қазақстанның ядролық қарусыз әлем құрудағы жаһандық күш-жігерге қосқан ерекше үлесін ескеріп, Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа мәртебе беру туралы бастама көтерді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы сессиясының барысында Елбасы Н.Назарбаевтың іс-шара

қатысушыларына үндеуін Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді оқыды. «1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан планетадағы ең қуатты ядролық қарудың төртінші арсеналынан бас тарту шешімін өз еркімен таңдады. Тарих бұл қадамның дұрыстығын растады – біз жарқын мысалмен бейбіт жолмен прогресс пен өркендеуге бет алуға болатынын көрсеттік» делінген Елбасының үндеуінде.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті халықаралық қоғамдастыққа Қазақстанның үлгісімен жүруге және ядролық ессіздікті тоқтату үшін күш біріктіруге шақырды. «Мен Америка Құрама Штаттары, Ресей, Қытай және Еуропалық одақтың басшылары планетаның болашағы үшін ерекше жауапкершілікте деп санаймын. Егер осы төртжақты форматта саммит өтетін болса, онда оның басты тақырыптарының бірі ядролық қаруды кезек-кезеңімен және пропорционалды түрде қысқарту туралы көпжақты келісімді әзірлеу болуы керек деп сенемін. Қазақстан осы саммитке өз алаңын ұсынуға дайын» деді Елбасы өз үндеуінде.

Бастамашы топ «Чемпион» мәртебесін иеленген тұлғалар ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шартына қол қоймаған мемлекеттермен мақсатты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізетініне сенімді. Сонымен қатар олар ұйымдағы ынтымақтастықтың артықшылықтары туралы түсініктерін жақсарту, Қазақстанның ядролық инфрақұрылымын өз еркімен бөлшектеу секілді озық тәжірибелерімен бөліседі.

Бас Ассамблеяның отырысына қатысушылар Қазақстанға ядролық қаруды таратпаудағы жетекші рөл үшін алғыс білдіре отырып, бұл мәселені халықаралық қоғамдастықтың назарында ұстаудың және жыл сайын Қазақстан бастамашылық ететін Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күнін атап өтудің маңызын айрықша атап өтті. Қысқасы, елбасының атом сынақ алаңын жабуы Қазақстан үшін де, Халықаралық қауымдастық үшін де елеулі еңбек, ғұмырлы қадам

Еліміздің ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты «Ядролық сынақтардан азат әлем үшін чемпион» мәртебесіне ие болуымен құттықтады.

ЕЛОРДАЛЫҚ ЗИЯЛЫЛАР ЕЛБАСЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне арналған арнайы сессиясында берілген бұл мәртебелі атақ сіздің әлемді бейбіт өмірге бастаған өміршең бастамаларыңыз бен қажырлы еңбегіңіздің жемісі.

Себебі сіздің ядролық қарусыздану ісіне қосқан және қосып келе жатқан үлесіңіз ұшан-теңіз. Семей сынақ полигонын жауып, атом қаруынан бас тарту туралы тарихи шешіміңіздің нәтижесінде әлемдік тұрақтылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке сүбелі үлес қостыңыз.

Қазақстанның 1991 жылы 29 тамызда әлемнің ең ірі ядролық полигондарының бірі – Семей ядролық полигонын жабуы адамзат тарихындағы бұрын-соңды болмаған ядролық сынақтарға салынған алғашқы заңды тыйым ретінде ғана емес, сонымен бірге халықаралық күнді белгілеу үшін маңызды негіз болды.

Сіздің еңбегіңіз бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен жаһандық қауіпсіздікке деген ортақ ұстанымы мен сарабал саясаттың символына айналды.

Сондықтан өзіңіздің әлем тыныштығына қосқан үлесіңізді мақтан ете отырып, жаңа мәртебелі атақ алғаныңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ та баянды ғұмыр, ел игілігі мен мемлекетіміздің өркендеуі жолындағы еңбегіңізге толағай табыс тілейміз!» деп жазылған құттықтау хатта.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жылда сары күзбен қатар келетін Білім күні мерекесі де жақындап қалды. Ел бойынша жаңа 2020-2021 оқу жылында орта мектеп оқушыларының жалпы саны 3,3 миллион баланы құрайды. Елордасы – Нұр-Сұлтан қаласында биыл 202 мыңнан аса оқушыға білім беріледі деп болжанып отыр. Оқу жылы әдеттегідей 1 қыркүйекте басталады. Бірақ «Алғашқы қоңырау» мерекесі қазіргі жағдайға байланысты онлайн форматта өтеді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«КЕЗЕКШІ СЫНЫПТАРҒА» 42 МЫҢ БАЛА БАРАДЫ

Жаңа оқу жылында оқушылар қашықтан оқытыла бастайды. Бірақ бастауыш сыныптарға «Кезекші сыныптар» ұйымдастырылады. Бұл ретте барлық санитарлық шаралар қатаң сақталады. Педагогтердің 30 пайызға жуығы штаттық режимде, оның ішінде кезекші топтарда сабақ беру үшін жұмысқа шығады.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының мәліметінше, «Кезекші сыныптарда» оқушылар саны 42 мыңға жуықтайды. Бұл – қаладағы барлық бастауыш сынып оқушыларының 50 пайызы. «Кезекші сыныптардың» жалпы саны – 3002. Қалада биыл бірінші сыныпқа баратын 26 мың бала тіркелді. «Кезекші сыныптарда» оқуға олардың ата-аналарынан 24 мыңға жуық өтініш келіп түсті. Оқу жылынан бастап балаларды мектепке жіберу, жібермеу мәселесін ата-аналары шешеді. Оқытудың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Бір сыныпта оқытылатын оқушылар саны 15-тен аспайды. Бір са-

бақтың ұзақтығы 40 минут болады. Күніне 3-4 сабақтан өткізіледі.

12 МЫҢНАН АСА МҰҒАЛІМ ОНЛАЙН КУРСАДАН ӨТТІ

Нұр-Сұлтанда 12 мыңнан аса педагог (мектеп, колледж педагогтары, балабақша тәрбиешілері) қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша онлайн-курстардан өтті. Балалар, ата-аналар және балабақша қызметкерлері үшін жұмыс алгоритмдері жасалды. Барлық нысандар санитарлық талаптарға сай дайындалған. Бұған қоса «Елордалық электронды мектеп» электронды платформасы әзірленді. Онда қысқа мерзімді сабақ жоспарлары, бейнесабақтар, білім берудің цифрлық ресурстары және т.б. орналастырылған. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтар үшін осы платформа оңай әрі қолжетімді болады.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Ал орта мектептер қашықтан оқытуға қаншалықты дайын? «Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейде қазір 3021 оқушы болса, соның 453-і «Кезекші сыныптарда» оқуға ниет

білдіріп отыр. Бірақ бұл сан әлі де өзгеруі мүмкін. Мектебіміз «Кезекші сыныптарға» балаларды қабылдауға да, қашықтан оқытуға да дайын. Санитарлық шаралар толығымен қамтамасыз етілді. Санитайзерлер, антисептиктер, түрлі бактериалды сабындар, қажетті тепловизорлар, тоннель, дезинфекциялаушы төсеніштер сатып алынды. Бетперделер, қолғаптар қажет мөлшерде бар. Кезекші топтағы оқушылар саны 15-тен аспауы керек. Осыған сай мектебіміздегі сыныптар да лайықталып дайындалды» дейді мектеп директоры Сафура Төлекова.

Оның айтуынша, оқушылар 15 минуттық аралықпен мектепке кіреді. Яғни, таңертең 08.00-де бір сыныптың 15 оқушысы қабылдана, келесі сынып 15 минуттан кейін кіргізіледі. Сол сияқты сабақтардың арасындағы үзілістер әр сыныпқа әртүрлі уақытпен белгіленеді. Бұл оқушылардың бір жерге шоғырланбауы үшін маңызды, жалпы қауіпсіздік мақсатында жасалды.

Кезекші сыныптарға мұғалімдерді іріктеуде де өзіндік талаптары бар. Ең алдымен, ұстаздың келісімі маңызды. Одан кейін мұғалімнің жасына көңіл бөлінеді. Үлкен жастағы немесе со-

зылмалы аурулары бар, дәрігерлік есепте тұрған кісілер сабақ беруге шақырылмайды. Ал оқу жылы қашықтан өткізілгеніне қарамастан ұстаздардың жалақысы сол күйі сақталады.

– Мектебіміздегі барлық педагогтар жыл сайынғы медициналық тексерістен өтті. Соның негізінде рұқсат етілген мамандар ғана мектепте жұмыс істейді. Бұған қоса, мектеп ішінде «Кезекші сыныптар» болған уақытта ересек адамдар санын мейлінше азайтамыз. Тек осы сыныптардың педагогтары, тазалық жұмысын жүргізетін қызметкерлер, балалардың қауіпсіздігіне арнайы бұйрықпен бекітілген мамандар ғана қызмет етеді, – дейді мектеп директоры.

ОҚУЛЫҚПЕН ҚАМТУ – 100 ПАЙЫЗ

Бір сыныпта бір мұғалім жұмыс істеу қағидаты сақталады. Ал оқу жоспарындағы барлық пәндер мектепте оқытылмайды. «Кезекші сыныптарда» негізгі пәндердің сабағы ғана өтеді. Қалған пәндер онлайн форматта қашықтан жүргізіледі.

Елордада жаңа оқу жылына балаларды оқулықтармен қамту 100 пайызды құрайды. Барлық оқулықтар Білім және ғылым министрілігі бекіткен тізімге сәйкес келеді. Қазіргі күні барлық баспадан оқулықтар жеткізілді. 1-5-сынып пен 10-11-сынып оқушыларына кітаптар толығымен берілді.

«БІЛІМ LAND» ПЛАТФОРМАСЫНДА ОҚИДЫ

Кеше жаңа оқу жылының басталуына орай ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова мектептердің алдағы оқу жылында қандай платформалармен қашықтан оқытынын баяндады.

– Барлық мектептерде «Білім LAND» платформасын пайдалануға келісімшарт жасалды. Елорданың 40 мектебінде «Дарын онлайн» платформалары қолданылады. Ал бағалау жүйесі өзіміздің дәстүрлі «Күнделік» электронды журналы арқылы жүргізіледі. 30 тамыздан бастап оқушылар мен мұғалімдердің бәріне осы платформалар қолжетімді болады. Логин, парольдары белгіленіп, таратылды, – дейді басқарма басшысы.

БИЫЛ 13 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Биыл елордада былтырғымен салыстырғанда екі есе көп мектеп пайдалануға беріледі. Білім басқармасы басшысының мәлімдеуінше, жыл соңына дейін 13 орта білім беру нысанын пайдалануға беру жоспарлануда. Соның ішінде 7 мектеп пен 6 мектептің қосымша ғимараты бар. Жаңа оқу жылының басында 3 мектеп пен 2 қосымша ғимарат пайдалануға беріледі. Қалған білім беру нысандары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІММЕН ҚАМТУ АРТАДЫ

Бас қалада инклюзивті білімге де ерекше көңіл бөлінген. Егер былтыр инклюзивті біліммен қамту 80 пайыз болса, биыл бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Тұңғыш Президент – Елбасы қорының бастамасымен екі жаңа мектептің негізінде 1 қыркүйекке дейін 30 орындық 2 инклюзивті қолдау бөлмелері ашылады. Шілдеден бастап «Асыл мирас» кабинеті жұмыс істей бастады. Онда халықаралық сертификатқа ие және замануи әдістемелерді меңгерген мамандар жұмыс істейді. Қыркүйек айында зияткерлік қабілеті төмен 100 балаға арналған №3 арнайы мектеп, күзде көру қабілеті нашар балаларға арналған балабақша пайдалануға беріледі.

Жаңа оқу жылында елорда мектептерінде қосымша білім берудің 8 филиалы және тағы 2 қоғамдық орталық ашылады. Жаңа мектептердің бірінші қабатында балаларға арналған шағын орталықтар, оңалту орталықтары, балабақшалар, медициналық кабинеттер сияқты әлеуметтік нысандар жұмыс істей бастайды.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

Ұстаздардың әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмаған. Былтыр қала әкімдігі тарапынан мұғалімдер тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік жәрдемақы түрінде 1 миллион теңге сомасына өтеусіз негізде 275 тұрғын үй сертификаты бөлінді. Осы жылы да мұғалімдердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмек беріледі.

Атап айтқанда, биыл «Қазақстандық ипотекалық ұйыммен» 1 мың әлеуметтік пәтер беру туралы келісімге қол қойылды. Бұл баспанаға мұғалімдерден басқа медицина қызметкерлері, полицейлер, әлеуметтік қызметкерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері де үміткер бола алады. Былтыр жұмысын енді бастаған мұғалімдерді қолдау мақсатында 350 орындық жас педагогтар үйі салынды.

Қала әкімдігі мұғалімдердің кәсіби дамуына үнемі көңіл бөледі. Атап айтқанда, «Ozat» жобасын іске асыру аясында мектептер мен колледждердің 400 мұғалімі PISA тапсырмаларына білім алушыларды даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтті. Кембридж университетімен бірлесіп SHARE жобасы іске қосылды. Соның ішінде мұғалімдер бірлесіп зерттеулер жүргізеді, ақпарат алмасады, біліктілігін көтеру бойынша басқа да жұмыстар қарастырылған.



БҮГІНГІ ТАҢДА БАС ҚАЛАДА **117** ОРТА МЕКТЕП БАР

ОНЫҢ

91-і
МЕМЛЕКЕТТІК

22-і
ЖЕКЕМЕНШІК

1-еуі
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ

3-еуі
НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНЕ **202** МЫҢ ОҚУШЫ БАРАДЫ ДЕП БОЛЖАНЫП ОТЫР

ӨТКЕН ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДА **182** МЫҢНАН АСА БАЛА ОҚЫҒАН, ЯҒНИ ОҚУШЫЛАР САНЫ **20** МЫҢ БАЛАҒА АРТЫП ОТЫР

Ресми мәліметтер бойынша, бүгінде елімізде 3,3 миллионнан аса оқушы бар, және оның орташа есеппен 32,6 (1 103 146) пайызының қашықтан оқуға компьютерлік жабдықтары жоқ. Ал 402 462 оқушы интернетке зәру. 24 мыңға жуық мұғалімнің онлайн-білім беруді ұйымдастыруға жеке компьютері болмаса, 2 мың ұстазда интернет жоқ. Мұғалімнің де отбасы, балалары бар. Ойлана беріңіз, оқытушыда компьютер болмаса, оқушылары тұрмақ өз балалары қалай қашықтан білім алады?

БҰЛ ӘДІСКЕ ҚАРСЫЛЫҚ ТА ЖОҚ ЕМЕС

Алты баланың анасы Жанар Халықова елдегі эпидемиологиялық ахуалға қарамастан, оқушылардың мектепте оқығанын қалайды. Себебі төртінші тоқсанда балалар бір компьютерге талаасып, біреуі де жөнді сабақ оқи алмапты. «Алты балам да өткен оқу жылында оқығанының бәрін ұмытып қалды. Көктемгі карантинде мектептен бір компьютер берілген. Соған таласып-тармасып жөнді оқи алмады. Сатып алайық десек, жағдай көтермейді. Пәтер жалдап тұрамыз. Одан да мектепке барса екен. Бастауыш сынып балаларына қарағанда үлкендердің санитарлық талаптарды сақтауға жауапкершілігі бар ғой. Бүйте беретін болса, балалардың сауатсыз болатын түрі бар. Қызым биыл ҰБТ тапсырады, оның өзінде жеке компьютері, бөлмесі жоқ. Тестілеуге қалай дайындалатынын ойласам, жылғағым келеді» дейді ол.

Мұғалім Гүлайда Ортаева қоғамнан оқшауланып үйде отыру бала психикасына кері әсер етеді деген пікірде. «Баланың үйде отырып, сабаққа уақытылы қатысуы қиын. Желіге сабақ басталғанда ғана кіріп, пікір білдіріп, сосын өз бетінше ойынға кетіп қалуы мүмкін. Көзбен көріп отырмағанның кейін жалтару фактілері орын алады. Әрі өз үйінде сабақ оқыған балада сабаққа ынта жоғалады. Менің ойымша, қашықтан оқу кезінде оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы төмендейді. Әрі сыныптастарымен білім бәсекесіне түсіп, жарысып оқымаған соң, аңсары сабаққа емес ойынға ауып тұратыны бар» дейді ол.

Елорда тұрғыны, үш баланың анасы Айнұр Мұқанованың айтуынша, теледидар мен WhatsApp арқылы берілген білім білім емес, көшіру ғана. «Үш балам да мектепте оқиды. Ең үлкені 7-інші сыныпты бітірді. Төртінші тоқсанда мүлдем сабақ оқыған жоқ, тапсырмаларды құры көшіріп, тапсыратын. Амал не? Тақырыпты дұрыс түсінбесе қалай үй жұмысын орындайды? Үйіп-бүйтіп сөз жүзінде оқып шықты. Екі балам да сол. Бір ноутбук алып бердік, екеуіне. Әрқайсына сатып алатын жағдай қайда? Алған ноутбукымыз да қатып қала береді, жаңа болса да бұзылатын түрі бар. Екеуінің 5 пәні 10 группасындағы 1000-2000 хабарламаның ішінен үй тапсырмаларын таппай отырғанда, ноутбук өшіп, жүйкемді жұқартқан. Елорданың Р.Қошқарбаев көшесіндегі көпқабатты үйде тұрамыз, интернет балконда ғана жақсы ұстайды. Қалада тұрсақ та қиын болды. Мектепке барса екен» дейді ол.

КОМПЬЮТЕР АЛУҒА ҚАЛТА КӨТЕРМЕЙДІ

«Кеше ағам хабарласты ауылдан. «90 мың теңгеге компьютер сатамыз деген хабарламаны көрдім интернеттен, ала берейін бе?» деп меннен сұрады. Құптасам



ҚАШЫҚТАН ОҚУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

» Алғашқы қоңыраудың соғылуына екі күн қалды. Білім және ғылым министрлігінің қаулысы бойынша, биыл 1-4 сынып оқушылары ғана мектепке барады. Қалғандары үйде, компьютердің алдында я ұялы телефонға телміріп білім алуға мәжбүр. Қашықтан берілген білімнің білім болмайтынын өткен оқу жылында көрсек те, биыл да сол күйі. WhatsApp-пен оқылған сабақта сапаның жоғы өз алдына, онлайн оқуға қажетті құрал-жабдықтардың жеткіліксіз екені тағы бар. Үкімет көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларды компьютермен қамтуға уәде етті. Ал үйінде компьютері жоқ, интернетсіз отырған оқушының жағдайы қалай болады? Карантинде табысынан айырылған ата-аналар әр баланың басына бір-бір техниканы қайдан тауып бермек? Ата-аналар мен ұстаздар қашықтан оқытуға неге қарсы? Әлемдегі алпауыт елдер не үшін оқушылардың жаппай мектепке баруын талап етіп жатыр? Төменде осы мәселелерді қаулап көрдік.

бірден екі баласына екеуін сатып алмақшы. Сөйтсем ол компьютерлер өте ескі екен. Қолдану мүмкін емес. Көне компьютерлердің бөлшектерін құрастырып, онлайн сатылымға шығарады. Бұл да бір қазіргі таңдағы алаяқтық қой. Өзім қаладағы электротехника сататын дүкендерде кеңес беруші болып қызмет істеймін. Ең арзан ноутбуктың бағасы – 140 мың теңге. Оның программасын, антивирусын орнатып, гарантиясына тағы төлейсіз. Үстіне аз дегенде 40-50 мың теңге қосылады. 180 мың теңгеге бір отбасының қазіргі кезінде компьютер алуы оңай емес. Содан осындай арзанқол техниканы алмасқа амал жоқ» деп түсіндірді қала тұрғыны Арман Мақсұтов.

Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, бүгінде бас шаһар мектептерінің қорында минималды талаптарға сәйкес келетін 11 648 компьютер бар, оның ішінде биылғы сәуірде 2613-і, ал маусымда 500-і сатып алынған. 35 737 оқушы, 437 ұстаз компьютерге мұқтаж. 22600 білім алушы мен 581 мұғалімге интернет қолжетімсіз.

Үкімет тамызда меншікті қаражат есебінен 700 миллион теңгеге 2600 компьютер сатып алынады деген еді. Ал қыркүйек айына тағы 5400 компьютер сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар Республикалық бюджеттен 26 472 компьютерге қаражат бөлінген. Сосын елордалық мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға мектепке қажетті құралдар алуға әр балаға 40 мың теңгеден беріледі. 17 мың оқушыны қамтымақ. Бұл мақсатқа бюджеттен 680 миллион теңге бөлінді. Мектептерде оқу қашықтан жүргізілетінін ескере

отырып, әлеуметтік осал санаттағы оқушыларды ноутбуктермен, роутерлермен қамтамасыз етуге 6 млрд-қа жуық теңге жұмсалады.

ТЕНДЕРДІҢ ДЕ ТҮБІ ШИКІ

Компьютерлер сатып алу мәселесі оңтайлы шешіле ме? Шетелден тендер арқылы алынатын болса әрі карантин уағында сырттан тауар тасымалдаудың өзі оңай емес. Оның үстіне жемқорлық жайлаған елімізде бұл салаға да бармақ басты көз қыстылықтың араласпауына кім кепілдік береді? Себебі елімізде індеттен халық қиналып, өмір мен өлім арасында арпалысып жатқанда біздегі денсаулық сақтау саласы мамандарының мемлекет қаржысын қалтасына

басқанын бәріміз көрдік. Шетелден келген дәрілерді тығып, ақша үшін тапшылықты қолдан жасағанына куә болдық. Денсаулық саласына жемқорлық араласқаннан кейін, білім саласына да іріткі саламуына ешқандай кепілдік жоқ. Айтылған істер қағаз жүзінде қалмаса, компьютерлер диттеген жерге жетсе екен. Компьютер сатып алу мәселесі көзбояушылықтың орын алмауын, жемқорлықтың болмауын қадағалауды қажет етеді.

Қытайдан келген қандасымыз, програмист Айбар Мақсұтұлы тендердің түбі шикі деген пікірде. «Өз ойым, тендерді ұтқан адамда қанағат, тендерді орындайтын адамда ар азаяды. Біраз жыл тендермен айналыстым. Байқағаным, тендерді ұтып алғандар пайда табу жағына басымдық береді. Мәселен, 400 мыңның техникасын еке есе төмен бағада іздейді. Яғни, сипаттамасы, маркасы қымбат компьютердікіндей, бірақ бағасының арзан болғанын қалайды, соны тауып бер дейді. Қытайда өз үйінде отырып, ескі-құсқыдан компьютер жасап, саудалап отырғандар көп. Сосын маркасыз техника деген бар. Сыртқы сипатты қасықтай, бірақ программасы, бөлшектері өте ескі, оны қарапайым адам байқамауы мүмкін. Соған сұраған маркаңыздың дизайнын, сипаттамасын, екі ядорлы болса, 4 ядорлы деп жазып та бере алады, түк қиындығы жоқ. Интернеттен бір мықты компьютердің сипаттамасын көшіріп алып, аты, заты жоқ компьютердің құжатына енгізе салады. Тендер кезінде сондай тауарлар бармақ басты, көз қыстылықпен өтіп кетіп жатады. Ондайдың талайын көрдім, алған компьютерлер бір жылға жетсе



Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, бүгінде бас шаһар мектептерінің қорында минималды талаптарға сәйкес келетін 11 648 компьютер бар, оның ішінде биылғы сәуірде 2613-і, ал маусымда 500-і сатып алынған. 35 737 оқушы, 437 ұстаз компьютерге мұқтаж. 22600 білім алушы мен 581 мұғалімге интернет қолжетімсіз

қуану керек, қуаттағышы қызып, жарылып кетуі де бек мүмкін» дейді азамат.

МЕКТЕПКЕ БАРУДЫ МІНДЕТТЕУДЕ

Індет өзге елдердің тәжірибесіне қарауды қажет етеді. Мысалы, Еуропаның көптеген елдерінде барлық санитарлық талапты сақтап, баланы мектепке бергелі жатыр. Мұғалімдері он күн сайын медициналық тексеруден өтіп тұрады. Германияның Берлин, Гамбург және басқа да қалаларында оқушылар 3 тамызда партаға отырды. Жапония да қауіпсіздік шаралары сақталған жағдайда коронавирус мектеп оқушыларына қауіп төндірмейтініне сенімді, оқушылары пластикалық бетперде киіп білім алуға. Канада мектептерінде де оқу жылы қыркүйекте дәсүрлі форматта басталады. Ата-аналар балаларының өткен оқу жылының аяғында білім деңгейінің төмендігін, үйде отырып оқытуға мүмкіндігі мен уақыттың жоғын айтып шағымданған. Ұлыбритания билігі де қыркүйек айында мектеп есіктерін ашуды жоспарлап отыр. Оқушылары мектеп табалды-



Оқушылары мектеп табалдырығын аттайтын тағы бір алпауыт ел – Ресей. Солтүстіктегі көршіміз коронавирусты жұқтырғандардың саны бойынша 4-ші орында, бірақ шілде айының соңында Ресей Федерациясының Үкіметі оқу қашықтан емес, әдеттегі форматта басталатындығын мәлімдеді. Онлайн оқытудың білім сапасына кері әсерін айтып, дәстүрлі форматта білім алуын міндеттеп отыр

рығын аттайтын тағы бір алпауыт ел – Ресей. Солтүстіктегі көршіміз коронавирусты жұқтырғандардың саны бойынша 4-ші орында, бірақ шілде айының соңында Ресей Федерациясының Үкіметі оқу қашықтан емес, әдеттегі форматта басталатындығын мәлімдеді. Онлайн оқытудың білім сапасына кері әсерін айтып, дәстүрлі форматта білім алуын міндеттеп отыр.

Республикалық «QAZBILIM» орталығының директоры Аятжан Ахметжанұлы пандемия біздегі екі үлкен проблеманың бетін ашып берді дейді. «Біріншісі – тәуелсіздік алғаннан бергі елді цифрландыру ісінің шын бет-бейнесін көрсетіп, бәрі қағазда жазылғандай қанттай емес екендігін паш етті. Екіншісі – халықтың шынайы тұрмыстық жағдайының қандай деңгейде екенін әшкерелеп тастады. Әлеуметтің әлеуеті 42500 теңге деңгейінде төмен екендігін және балаларына қашықтан сабақ оқытын смартфон алып беруге шамасы жетпейтіндігін дәлелдеп берді. Міне, осы екі себептен біз қазір онлайн сабақ оқуға дайын емеспіз. Бірақ қазір одан басқа амал жоқ, қашықтан оқу – өйтеуір мүлдем оқымай қалғаннан жақсы»

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ



Жалты, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»
мақаласынан

» 2020 жыл ұлт санасында жер жаһанды жайлаған әлемдік пандемиямен қатар, ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың туғанына 1150 және қазақтың айнасы, адамзаттың бауыры Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуымен есте қалатыны белгілі.

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді. Мемлекет басшысының хакім Абайды қазақтың құт-берекесіне теңеуін Қазақ елі жылы қабылдады. Мақалада: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ақынның бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деп бағамдаған болатын. Осы жыл тұтас бір Абай мұрасына арналатынын сөз еткен Мемлекет басшысы «басты мақсатымыз бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білеміз» деген болатын.

Қалың ел қазақтың бас ақынының алдындағы бір ізгі ісі есепке алынды десек те болады. Тәуелсіз Қазақстанның күнтізбесінде 10 тамыз Абай күні деп белгіленді. Бұл күн жылдың 364 күнінде қылған харекетіміздің бір күндік есеп күніне айналады деген сенімдеміз. Абай әруағы қабыл етпей!

Ел ордасында хакім Абай рухына тағзым етіліп, ескерткішіне қызыл раушаннан гүл шоқтары қойылды. Мұндай шара еліміздің барлық қалаларында жалғасын тапқан-ды.

Қаламыздағы шара Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев мырзаның қатысуымен жүзеге асты. Пандемияның жағдайында қатаң хаттамалық ережеге сәйкес ұйымдастырылды. Елге елеулі тұлғалардан тек академик Ғарифолла Есім қатысты.

Ғарифолла Есім – ғалым, қоғам қайраткері. Ол – алты жыл сенаторлық қызметте болған академик, абайтанушы. Жазушы Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуы қарсаңында, 1994 жылы «Абай дүниетанымындағы Алла мен адам болмысы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған. Ғалымның «Хакім Абай» еңбегі пәлсапалық герменевтиканың жоғарғы шеберлік бағамына ие. Абайдың ойшылдығын пәлсапа деп дәлелдеген

алғашқы ғалым. Абай философия дегенді қолданбаған, ол философияны атеистік ілім деп қабылдаған.

Әрине, біздің айтайын дегеніміз, бір қазақтың назарында болса, басқа біреуінің түйсігіне жете қоймаған ақпараттың көзі болмақшы. Сондықтан тарихқа айналып үлгерген мәнді сәттерге қайта бір үңілейікші.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Сенатының сенаторы, әлеуметтік мәдени даму комитетінің мүшесі болған Ғарифолла Есім өзі білім алып, өсіп-өнген қасиетті шаһар Семей қаласынан кіндік қаны тамған жері Аққулыға қоладан Абай бейнесін орнатады.

Аққулы – киелі мекен. Мекеннің киелілігіне арнап академик «Ақ өлең – аққулы мекен» деген роман-эссесін де арнаған-ды. Роман-эссе қазақ жерін Ресейдің отаршылдық саясатын жүргізген заманында ел тағдырының басынан өткерген қиын-қыстау жағдай сөз етіледі. Орыс отаршылары әп-әсем болып жайқалған көл айналасындағы елдің берекесін қашырып, бақ-құтына қол сұққандығы айтылады. Сөйтіп автордың өзі айтқанындай, Аққулы мекеннің ырғағы қалып, ұйқасы кеткен жағдайға душар болады. Оны кітаптың эпиграф бөлімінде ғалым: «Өмір деген – ақ өлең, ырғағы бар, ұйқасы жоқ» деген метафорамен жеткізген-ді. Ақ өлеңнің ұйқасыз болуы – жанр шарты. Ал Аққулы халқының күнделікті өмір тіршілігінің ырғағына қалайша ұйқастық әкеле аламын деген ғалымның басты мақсатына айналған-ды. Бір мәселенің сегіз шешімінің бар екендігін білетін ғалым ол сұрақтың дұрыс шешімін тапқанға ұқсайды. Ол Аққулыға Абай мүсінін орнату керек дегенді жөн санайды. Мәселе мүсінде емес қой. Ғалымның негізгі ой-ұшы хакім Абайдың рухымен Аққулы мекенін рухтандырып, Аққулының құт-берекесін қайтару еді. Ғалым бір сөзінде «Абайдың хакімдігі өзінің қара сөздерімен ойға өріс берген» десе, онысы Абайдың өзі қазақтың құт-берекесі дегені емес пе? Өсіп-өнемін деген кісі сол өрістен қана керегін ала алады дегенге саяды демекпіз. Бұл дегеніңіз екі қасиетті мекен – Аққулы мен Семей өңірінің өмірлерін ұйқастыққа келтіру еді. Өйткені екі киелі мекен



АБАЙДЫҢ АҚЫЛЫН АЛСАҚ...

кен ғалымның өмір жолы, шығармашылық өрісінің өзегіне айналған-ды.

Аққулыда Абай мүсінінің тікейтілуін бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Соның біріне тоқталайық. Вақ.kz деп аталатын ғаламтор бетінде (15 тамыз 2012 жылғы шығарылым) «Аққулыда Абай мүсіні» деген тақырыппен жарық көрген мақала көзге түседі. Онда «Өткен жұма күні көршілес Павлодар облысының Лебязі ауданының орталығы Аққу ауылында хакім ақынның туған күніне орай Абай күні өткізілді. Оған басты себепші болған да, осы бір игілікті істі ақырына жеткізіп, нүктесін қойған да сенатор-академик» делінген. Шараға сол кездегі Павлодар облысының әкімі Ерлан Арын, сенатор Сәрсенбай Еңсегенов, Астана қаласындағы Суретшілер одағы басқармасының төрағасы Қоңыр Мұхамедиев, Семей қаласының әкімі Айбек Кәрімов, т. б. беделді тұлғалар қатысты. Шараны тап-тұйнақтай етіп өткізген – сол кездегі аудан әкімі Айзада ханым. Ескерткіштің ашылу сән-салтанатында терең ойға ерік беріп, «мына жер ертеректе Аққулы атанған, ендеше кешегі айдын шалқар көлімізді қал-

пына келтіріп, оған киелі аққудың оралуына мүмкіндік жасай білсек, жерге құт, елге бақ келеді» деген ғалым Ғарифолла Есім Аққулы жеріндегі Абай бейнесінің бой көтерілуін құт-берекеге балап, осы күн, Абайдың туған күні (10 тамыз), «Абай күні» деп белгіленсе екен деп, өз ұсынысын жеткізе отыра, асқақ арманының қуатшыл екендігін көрсетті. Расын айтқанда, міне, араға 8 жыл салынып, Үкімет қаулысымен «10 тамыз – Абай күні» болып бекітіліп, тәуелсіз Қазақстанның күнтізбесінен ойып тұрып оймақтай орынға иеленді. «Құтты болсын!» деп дүйім қалың қазақты шын жүректен құттықтаймыз дегіміз келеді.

10 тамыз 2020 жыл. Аздаған күңірейген бұлт болмаса, күн шуағы нұрын еріксіз төккелі тұр. Сарыарқаның самал желі бұл мекенге әбден сіңісіп кеткен. Желсіз елорданы елестету мүмкін емес-ті. Дегенмен табиғатқа мін таға алмаспыз. Әттең, «Қорғаныс күні» шығармасындағы кемеңгер Мұхтар Әуезовтің шеберлікпен табиғатты суреттеуіне не жетсін деп таңғалғаннан басқа амалымыз қалмас.

10 тамыз 2020 жыл. Аздаған күңірейген бұлт болмаса, күн шуағы нұрын еріксіз төккелі тұр. Сарыарқаның самал желі бұл мекенге әбден сіңісіп кеткен. Желсіз елорданы елестету мүмкін емес-ті. Дегенмен табиғатқа мін таға алмаспыз. Әттең, «Қорғаныс күні» шығармасындағы кемеңгер Мұхтар Әуезовтің шеберлікпен табиғатты суреттеуіне не жетсін деп таңғалғаннан басқа амалымыз қалмас

Елорда. Есідің сол жағалауы. Бір-біріне ұқсамайтын зәулім-зәулім ғимараттар ортасы. Ұстаз үйінің алдында бір топ шәкірттер болып күтудеміз. Келісілген уақыт – 11.00. Ұстаз уақытқа өте жауапты қарайды. «Уақытпен есептеспеген адам – кедей адам» деп талай рет қайталайтын. Бізді де соған баулиды. Міне, өзі де шығып келеді. Қолында бірнеше сый-кәделік қорапшалары бар. Алдынан жүгіріп шығып алақандарымызды кеуде жағымызға тигізе сәлемдесіп, қорапшаларды өз қолдарымызға алдық. Ішінде ұстазымыздың қап-қалың болып тұрған «Ғұлама-наме» трилогиясы. Әр кітаптың бұрыш жақ бөлігіне кісі есімдері жазылған. Түсінікті. Бұл – Абай күнінде сыйлануы керекті сый-кәде. Абай күнінде жақсы кітаптан асқан сый болмас.

«Ғұлама-наме» трилогиясы хақында бірер сөз айтсақ. Трилогия 640 беттік үш бөлімнен тұрады. Бірінші – хакім Абайға, екінші – данышпан Шәкәрімнің «Ар біліміне», соңғы бөлім кемеңгер Мұхтарға арналған. «Абай, Шәкәрім, Мұхтар – қазақтың төл мәдениеті тарихындағы «бір сөйлем секілді» құбылыс. Абай сөйлем бастаушы болса, Мұхтар мұрасы – баяндаушы, Шәкәрімнің «Ар білімі» – сөйлемдегі ойдың анықтаушысы. Біртұтас ғажап өлем – қазақтың ғұламалық әлемі» дейді академик Ғарифолла Есім.

Әне-міне дегенше Есідің оң жағалауына да келіп жеттік. Хакім Абайдың еңселі ескерткішінің бір жаны – қала болыстарының мекені, бір жаны – Мемлекеттік басқару академиясы. Осы

екі аралықта алыстан-ақ Абай бейнесі аспанмен таласып тұрғанын көру қиын емес. Кәміл мұсылман харекетін оң қылыққа балаған хакімге де орын оң қаласың. Көлікпен түсе сала хакім тұрған орынға қарай бет алдық. Ұстаздың жүрсі баяу, ойы тереңге сүңгуде. Харекеті бір толғаныстың барына меңзейді. Түсінікті жайт. Толғаныс Абайға терең бойлағанның шығып жатыр. Хакім Абай:

*Қаны қара бір жанмын,
жаны жара
Жүрегімнің түбіне терең
бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын,
оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз
жерде өстім,*

*Мыңмен жалғыз алыс-
тым, кінә қойма! – деп еді
ғой. Міне, бүгінде сол мың
миллион болып, тағзым
етіліп, қазақтың құт-берекесінің ұйытқысына айнал-
ды.*

«Бауырлар тектен-текке қан төкпейді, жауықпайды. Мәселе – хакім Абайды таңдауда, Абай жолына түсуде! Абай жолы – қазақ болу жолы! Абай жолы – немеренің немересі қазақ болып, Абай тілінде, яғни қазақ тілінде сөйлесіп, ұғысып, Ұлы далаға иелік ету жолы! Абай жолы – еркін ер қазақтың жолы!» деп, 30 жылдан аса ғұмырын хакім Абай даналығына арнаған ғалымның толғанысында терең өмірлік мән, хакім алдындағы адалдық, асқақ арман жатқандығы аян. Ендеше хакім Абайды ұлықтаған ұлы күн – Абай күні қазақтың сана-болмысында сақталған құтты күн болсын демекпіз!

Жылбек ЖАҢАБАЙ

Жыр арқауы — Ата Заң

Конституция күні мерекесі қарсаңында «Жыр арқауы – Ата Заң» жыр жинағы жарық көрді. Конституциялық кеңес пен Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы бірлесіп шығарған кітап Ата Заңның 25 жылдық мерейтойына арналды. «Ата Заң – арым», «Ұлы көшім нұрлы жолға жалғасты» атты екі бөлімнен тұратын кітапты құрастырушы – Конституциялық кеңес төрағасы Қайрат Мәми. Ата Заңымызды ұлықтайтын жинақтағы туындылар қазақстандықтарды береке-бірлікке, ырыс-ынтымаққа, ел болып ұйысып, жұрт болып жұмылуға шақырады. Кітап жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың «Алтын заң» өлеңімен ашылады. Әрі қарай Оразақын Асқар, Әбдірахман Асылбеков, Серікбай Оспанұлы, Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, Нұрлан Мәукенұлы, т. б. айтулы ақындардың өлеңдері топтастырылған. Біз осы жинақтағы бір топ өлеңді оқырмандарымызға ұсынуды жөн көрдік.

Серікбай ОСПАҢҰЛЫ

Сенде мәнді асыл сөз жан қалаған,
Жүректерге содан жылу тараған.
Қызмет етіп келесің сен мүлтіксіз
Еркін өмір сүру үшін әр адам.

Нұсқап елге еркіндіктің жолдарын,
Қуантады жанға қамқор болғаның.
Елдің туын аспандата көтеріп,
Адамзаттың ар-ожданын қорғадың!

Мүддем сенде,
Бүлдем сенде,
Сен – Бағым,
Жырым – қайғы, болмас мұңды енді әнім.
Ата Заңым, бар әлемге таныттың
Қазақстан атты ғажап ел барын!

Сенсің Заңым – Әділеттің тұғыры,
Би-шешендер ойларының тұнығы!
Ата-бабам көрем сенен арманың,
Елдің қамын жесеумен өткен ғұмыры!

Сенде, сенде жанның жылы ағысы,
Әділет пен қабілеттің табысы!
Тілімді де, ділімді де қорғайтын
Сенің ісің –
Ақыл ісі,
Ар ісі!

Абыройдың,
Ақыл-ойдың биігі,
Тоқсан ауыз сөздің сенде түйіні!
Дүниеде сен барында
Шындықтың
Пенделіктен биік тұрар ығы!

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Ғұрпымыз бар ел сенген,
Дәстүрлері – ең ізгі.
Әділдікпен өлшенген
Заңымыз бар Негізгі.

Бас иетін бар адам,
Әрбір сөзі салмақты,
Қорғар бәле-жаладан –
Ата Заң бұл ардақты.

Ата Заңға, қарағым,
Шексіз болсын құрметің.
Туған елдің талабың,
Заңды орындау – міндетің.

Бақытты өмір сүргенің,
Бақ-дәулеттің баршасы,
Күліп-ойнап жүргенің –
Ата Заңның арқасы!

Нұрлан МӘУКЕНҰЛЫ

Құрандай көріп қолыма алған
Ата Заң – осы, ағайын!
Жүз ұлтты тірлік жолына салған
Баптарын бағып, қағайын.

Татулық, Теңдік, Еркіндік – мұрат,
Егемен құқық – еншіміз.
Тарихы ортақ Тағдырды құрап
Ел болдық, келсін елішіңіз.

Кіндікқан тамған туған жер – осы.
Қазақтың жері – Отанымы.
Болашақ бірге бұған бел – осы,
Дуасы болсын батаның.

Қазақстанды танысын Әлем,
Бөлінбе-дағы, жарылма.
Жігерін жастан жанысын өрен
Отаншыл сезім барында.

Болашақ ұрпақ бақытын ойлап
Бейбітшіл қоғам құрғанбыз.
Халықтың байыр уақытын ойлап,
Нарыққа бетті бұрғанбыз.

Жасайды бәрін қоғамның қолы
Көреді бәрін көз бен іш:
Тарылып жатса адамның жолы
Заңда да болар өзгеріс...

...Құрандай көріп қолыңа алған
Ата Заңыңды ардақта.
Тәуелсіздіктің жолында қалған
«Шет болмасын де – әруаққа».

Қалқаман САРИН

Ата заңымның анасы болған дәстүрім,
Ата салтында – ғажайып құрып, жақсы ырым.
Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –
Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым!

Шариятымды, ар-ұятымды шаң басып,
Шаңырақ қалды. Шежіре сырдан шал қашып.
Шала білетін ұлтымның ұлық тарихын,
Шалағайлар жүр ата дәстүрден алжасып.

Қасиет қалмай, береке болмай ісімде,
Қас дұшпан келіп қасықтап қанымды ішуде.
Қасымхандардың қасқа жолынан адасып,
Қасқырдай болып ұлиды-ау үрей ішімде.

Есімнен қалған елді адастырмас ескі жол,
Есімдегі әлгі ән, «Елім-ай» емес естілер.
Есіктен қарап қалмасын қайран қазағым,
Есілге қонған есіл ерлерім, есті бол!

Тәуелсіздіктің жолында кеше мың өлдік,
Тәубасын айтып Тәңірге бүгін жүрер жұрт.
Тәуекел етіп, жеті жұртымының қамын жеп,
Тәукедей, сірә, жасайтын кім бар бір ерлік?

Залалы тимей заманды мынау кім күштер?
Заңғар таулардай бола алар ма екен «білгіштер».
Заманалардан қазақтың заңы – дәстүр ғой,
Заң бұзғандардың бәрі де, ендеше, қылмыскер.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

Жерұйық іздеп... бақ табар мәңгі,
Басынан кешкен ақтабандарды,
Қазақтың елі, ғажайып елі –
Баққа барған-ды, баптап Арманды.

Байтағым ұстар байрағым едің,
Жаптырағың жаңа жайғаным едің.
Керуенім күнге көш түзегенде:
Ата Заң – Арым, Айбарым едің.

Толқында керген желкенімдейсің,
Өліарадағы өркенімдейсің.
Есіл де, есіл, есіл елімнің
Ертеңіңдейсің, ертегімдейсің.

Дертімді ұқпас дерексіз ғалам,
Еру күндерде ерексің, заман!
Шертпе күйдегі тұнған шерімнің
Жасын сүртуге керексің маған.

Ғасырдан мынау ғаламат ұғар,
Сарғайтып ілдің санама тұмар.
Ата Заңымда... ат жалын құшқан –
Аталарымның аманаты бар.

Тамылжығанда таң да мұнартып,
Арманның елі алға құмартып,
Қаратау жақтан көрінген көшпін
Бағытым, барым, бағдарым – анық...

Бақытбек СМАҒҰЛ

Бұл Ата Заң кешегінің жалғасы,
Ақиқаттың айнымайтын арнасы.
Тасқа қашап жазып кеткен бабамның,
Тарих болып қалған ғажап таңбасы.

Көк байрақтай біріктіріп Алашты,
Жеті Жарғы боп қалады алғашқы!
Мәңгілік Ел тамыр тартып тарихтан.
Ұлы көшім нұрлы жолға жалғасты.

Ата Заңым, сен көненің көзі ме ең?!
Әз Тәукенің әділетті сөзі ме ең?!
Сені оқысам, бойым сымдай тартылып,
Құдіреттің құнын сонда сезінем.

Түп-тегіне көз жіберіп, аңғарсаң,
Ата Заңда айтылмаған мән бар сан!
Ақиқаттың бұлжымайтын айнасы – ол!
Тура жолға бастайтұғын бағдаршам.

Кесімді сөз келтіргенше, тоқтамға,
Оған дейін жерімде қан көп тамды.
Дала заңы ұлы билер қалаған,
Шайқалмады заман желі соққанда.

Ата Заңым, сен көненің көзі ме ең?!
Егеменді елдің еркін сөзі ме ең?!
Елбасы үшін мақтан кернеп бойымды,
Азаттықтың парқын айқын сезінем!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Уа, Ата Заң!
Ел. Жер. Ер.
Үшеуін – үш таған көрдім,
Соған серт.
Сен нұсқаған заманға ердім,
Жеті қат жер астына түтік шығып,
Жетем деп, Жеті жарғы, саған келдім.

Сығыр ат, жың мен жыбыр есік-төрден,
Тарихтың тақсыретін кешіп келген,
Алаш тұр алдыңа кеп аяғынан
Тұсауын Алла өзін шешіп берген.

Безер іші, ылғи беті күлген,
Кердегінің өзі сипап кекілінен,
Ауылға, басыбайлы саған келдім,
Жетіліп жер бетінің жетімімен.

Көк Түркі, көкбөрінің тұқымы бір,
Үкілі ұл, үкілі қыз, үкілі жыр.
Иманы Яссауидың жан тербеген,
Исатай, Махамбеттің тұқымы бұл.

Алдымен ер-тұрманын өрнектеген.
Бекзаттық жерді ұшықтап жергектеген.
Бай болған, баған болған ұлықтарға
Құдайым тауних бере гөр деп келем.

Ер. Жер. Ел.
Үшеуін – үш таған көрдім.
Соған серт.
Сен нұсқаған заман көрдім.
Жеті қат жер астына түсіп шығып,
Жетем деп, Жеті жарғы, саған келдім...



Азат ТЕҢГЕБАЕВ, Қазақстан студенттер альянсы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы:

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ КЕПІЛІ

– Ата Заңымыз қабылданған айтулы датада өмір есігін ашқаныма куанамын, мен үшін мәртебе деп білемін. Конституциямызға биыл 25 жыл, ол – егемен еліміздің тұғыры жыл сайын биіктеп келе жатқанының белгісі. Қазақ халқы үшін заң ежелден келе жатқан алтын қазынадай. Себебі сөздің қадірін түсінетін қазақ ежелден-ақ заңдарын тайға таңба басқандай етіп жазған, онымен қолдана білген. Есімізге түсірсек: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғыдай» заңдарымыз болған. Солардан кем түспейтін, әр сөзінде мағына мен әділеттілік бар заңымызды құрметтеу – біздің парызымыз. Қазақ еліндегі тыныштық пен бейбіт өмірді сақтап, онымен қатар заң үстемдігін орнатамыз десек, ең алдымен Конституцияны және оған негізделген барлық заңдар мен құқықтық актілерді орындап, бағына білуіміз қажет.

25 жылда қандай өзгерістер болса, менің де өмірімде дәл сондай өзгерістер орын алуда. Елімізден бірге өсіп келемін, елімізден бірге даму жолындамын. 25 жыл бұрын тәуелсіз мемлекеттің азаматы болу бақыты бұйырды. Дәл қазір Қазақстан студенттері альянсы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасымын. Бұл менің қазіргі таңда жеткен ең үлкен жетістігім деп білемін. Тәуелсіз, еркін, шетелдермен терезесі тең елде тұрып жатқан әр қазақ баласы бұдан да биік белестерді бағындыру керек деп ойлаймын. Себебі Ата Заң – мемлекетіміздің ұйытқысы. Ол ата-бабаларымыздың арман-мақсаттарын, ар-намысын, тыныштық пен тәуелсіздік идеясын өз бойына сіңірді. Конституция – ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің кепілі!

Қазақ халқын Конституциямыздың 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Бейбіт еліміз гүлдене берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Талай табыстарға жете берейік!

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

» Биыл тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың берік тұтқасы, азаматтардың құқықтары мен бостандығының кепілі, қоғамдағы саяси тұрақтылықтың бірден-бір тірегі болып табылатын Ата Заңымыздың қабылданғанына 25 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде танылып, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың мекеніне айналды. Мемлекеттің зайырлылық ұстанымының нәтижесінде этносаралық және конфессияаралық алауыздыққа жол бермей, тұрақтылық пен бірлікті сақтаудың қазақстандық моделін қалыптастырды. Осы мәселелерге байланысты Нұр-Сұлтан қаласы Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Жанбота ҚАРАШОЛАҚОВ өз пікірін білдірді.



– Алдымен азаматтық қоғамның дамуының жаңа сатысына аяқ басқан еліміздегі Конституцияның рөлі туралы айта кетсеңіз.

– Алдымен барша қазақстандықтарды келе жатқан ұлық мерекеміз – Конституция күнімен құттықтаймын! Өздеріңізге белгілі, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы Конституция 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Алайда уақыт талабы адамның жеке құқығы мен бостандығын және оны қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметін нақты айқындау мақсатында қолданыстағы Конституцияны одан әрі жетілдірудің қажеттілігі туындады.

Осыған орай, 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде қазіргі Конституция қабылданды. Конституция – ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқының еркіндік пен теңдікке және татулыққа негізделген бейбітшіл азаматтық қоғам құрып, бақытты өмір сүруінің кепілі және сан ғасырлар бойы аңсап қол жеткізген тәуелсіздіктің тірегі.

Сонымен қатар, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің түбегейлі принциптерінің бірі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық екені белгілі. Ал қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму және қазақстандық патриотизм тәрізді принциптердің бәрі Конституцияда көрініс тапқан.

– Конституцияның дін саласындағы тұрақтылықты сақтаудағы рөлі туралы ойыңызбен бөліссеңіз.

– Конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы,

құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Яғни заңға қайшы әрекеттер жасамаса, қоғамның кез келген саласында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары шектелмейді.

Сонымен қатар, Конституцияның 22-бабына сәйкес әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Азаматтардың өзі қалаған дінді ұстануы немесе ешқандай дін ұстанымдары қабылдамай, атеистік көзқараспен өмір сүруі оның конституциялық құқы болып табылады. Ешкімді нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасы мен нанымна байланысты кемсітуге жол берілмейді. Мемлекетіміздің зайырлылық сипатына сәйкес қоғам мүшелері өзге азаматтардың діни ұстанымдарына құрметпен қарайды. Толеранттылық қағидаларына сай бүгінде елімізде 18 конфессияға жататын 3816 діни бірлестіктер мен олардың филиалдары діни алауыздыққа жол бермей, бейбіт өмір сүруде. Осының бәрі діни тұрақтылықты сақтаудағы Конституцияның маңызды рөл атқаратынына дәлел болады.

– Қоғамда дін саласында кейбір мәселелер бойынша шектеулердің бар екені белгілі. Осы туралы не айтар едіңіз?

– Әрине, еліміздің азаматтары заң аясында құқықтарға ие болып қана қоймай, оларға белгілі бір міндеттер де жүктеледі. Атап айтқанда, ҚР Конституциясы 34-бабының 1-тармағында әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті деп нақты көрсетілген. Азаматтар өз-

дерінің бостандығы мен құқығын пайдалану барысында өзгелердің құқықтары мен бостандығына нұқсан келтірмеуі тиіс. Егер олар заңға қайшы әрекеттерге жол берген болса, шектеумен қатар, түрлі жауапкершілікке тарту шаралары жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жат идеологияның таралуына тосқауыл қою мақсатында кез келген діни сипаттағы материалдар арнайы дінтану сараптамасынан өткізіледі. Тиісті сараптамадан өткен діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату арнайы рұқсат етілген орындарда ғана жүзеге асырылады.

Өзіңіз көріп отырғандай, аталған шектеулер азаматтардың конституциялық құқығына нұқсан келтірмейді, керісінше, олардың бостандығы мен құқығын қорғауға және дін саласындағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

– Дін атын жамылған теріс ағымдар әрекеттерінің салдарынан кейбір азаматтардың санасы экстремизм идеологиясымен уланып, дәстүрлі құндылықтардан бас тартуда. Осындай жағдайлардың қоғамдағы діни тұрақтылыққа тигізетін теріс әсерін қалай бағалайсыз?

– Жалпы, қалыптасқан құқықтық және моралдік нормаларға қарсы кез келген жүйелі әрекеттер қоғамға қауіп төндіреді. Ал егер ол әрекеттер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардан бас тартуға әкеліп соғатын болса және бұл әрекеттердің артында соқыр сенімге негізделген діни сипаттағы идеология тұрса, ол қоғамның тұрақтылығына орасан зор нұқсан келтіреді.

Теріс идеологиямен санасы уланған кейбір азаматтар экстремистік ұйымдардың қолшоқпарына айналып, елдегі тыныш өмірін тәрк етіп, Сирияға сапар шегіп, қақтығыс аймақтарында көз жұмды. Өкініштісі, діни сауаты төмен адамдардың күмәнді уағызшылардың айтқанын шынайы ақиқат ретінде қабылдап, солардың арбауына түсіп, олардың көздеген мақсатына жету жолындағы құралға айналғандарын түсінбейді.

Осыған орай, мемлекет тарапынан діни тұрақтылық мәселесінің өзектілігін ескере отырып, діни экстремизм қаупінің алдын алу мақсатында кешенді шаралар жүргізілуде.

– Өзіңіз басқарып отырған Нұр-Сұлтан қаласы Дін мәселелерін зерттеу орталығының атқарып жатқан жұмыстары туралы айтып өтсеңіз.

– Нұр-Сұлтан қаласының Дін мәселелерін зерттеу орталығы қызмет барысында жоғарыда

аталған заңнамалық актілермен қоса, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Осының негізінде орталық мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бағытында қызмет атқарып келеді.

Нұр-Сұлтан қаласының Дін мәселелерін зерттеу орталығы білікті мамандардың, соның ішінде дінтанушылар мен теологтардың, психологтардың қатысуымен мақсатты топтар арасында экстремистік идеялардың таралуының алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

COVID-19 пандемиясы кезінде жарияланған карантин режимінде орталық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын онлайн форматқа көшіріп, діни экстремизмнің алдын алу және халықтың антитеррористік санасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылды.

Атап айтқанда, жыл басынан бері 191 іс-шара өткізіліп, 25787 адам қамтылды. Соның ішінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында мақсатты аудиториямен 69 кездесу өткізіліп, 3682 адам қамтыла, карантин кезінде 122 онлайн-дәріс өткізіліп, 22105 адам қамтылды.

Сонымен қатар, елорда тұрғындары мен қала қонақтарының дін саласындағы сұрақтарына жауап беру мақсатында «109 – сенім телефоны» ашылып, Нұр-Сұлтан қаласы Дін мәселелерін зерттеу орталығының әлеуетімен жүзеге асырылып отырғанын айта кеткен жөн.

Орталықтың білікті мамандары, теологтар, дінтанушылар және психологтар дін саласындағы кез келген сұрақты жауапсыз қалдырмай, хабарласушының жағдайын барынша түсініп, тиісті кеңес беруде.

Нұр-Сұлтан қаласының Дін мәселелерін зерттеу орталығы ақпараттық-түсіндіру және оңалту жұмыстарынан бөлек әлеуметтік жобаларды да жүзеге асыруда.

Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың сәуір айында орталық базасында медициналық бетперде тігетін цех іске қосылып, нәтижесінде әйел жамағаты тарапынан 10 адам жұмыспен қамтылды. Ал цехта әзірленген дайын өнімдер Нұр-Сұлтан қаласындағы көпбалалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін қайырымдылық көмек аясында тегін таратылды.

Өңгімелескен
Фарида КАРИМОВА

ТҰРҒЫНДАРҒА ТИІМДІ БОЛМАҚ

» Үйлерді күрделі жөндеуден өткізу тұрғындар үшін өте тиімді болып отыр. Бұл пәтер иелері кооперативінің шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Осы ретте қала әкімі Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында биыл 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделетінін, 130-дан астам лифтіні жөндеу және ауыстыру басталғанын жазды.



«БҰҰ даму бағдарламасының аясында көппәтерлі бес тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның үшеуінде жөндеу аяқталды. БҰҰ ДБ жұмыстарын қандай да бір төлемсіз жүзеге асырады. Пилоттық жобамен

Пушкин-Жұбанов көшелерінің қиылысында орналасқан үйлер жөнделуде.

Осылайша, үйді жылыту, қасбетін жөндеу, терезе, есіктерді ауыстыру, LED-жарықтандыру, кіреберістерді жөндеу, жылыту жүйелерінің құбы-

рын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізіліп, автоматтандырылған жылу пункттері орнатылады.

Бұл жұмыстар үйдің жылу шығынын едәуір азайтады. Тұрғындар үшін жылудың орташа жылдық шығыны шамамен 2 есе азаяды. Өйткені сыртқы ауа датчиктерінің арқасында автоматтандырылған жылу пункттері ауа райына байланысты реттеліп отырады. Ал тұрғындар пайдаланылған жылу энергиясының ауқымына байланысты төлейді. Сонымен қатар, жүргізілген жөндеу жұмыстары тұрғындарға қызмет көрсететін ұйымның шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму мемлекеттік бағдарламасы мен «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша жүргіземіз. Биыл 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделеді, 130-дан астам лифтіні жөндеу және ауыстыру басталды. Бұл жұмыстар тұрғындар үшін тиімді болмақ» деп нақтылап жазды өз парақшасында қала әкімі Алтай Көлгінов.



ЖАҢА ЖОБАЛАР ҚОЛДАУ ТАПТЫ

» Инвестициялар мәселелері жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінде бірқатар маңызды жобалар қолдау тапты. Әрбір жоба инвестициялармен бірге жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін болады.

Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында былай деп жазды: «Маңызды жобалардың қатарында сүт өнімдерін өндіретін цехтың, бетон, электр қозғалтқыштарын шығаратын зауыттың, көкөніс қоймаларының, бірқатар жекеменшік балабақшаның, мектептердің, медициналық орталықтардың құрылысы және т. б. бар.

Мысалы, ауыл шаруашылығы техникасының сервистік орталығын салу қалада жекелеген бөлшектер мен техника корпустарын жинап қана қоймай, сынған жағдайда шет елде емес, өзімізде өңдеуге мүмкіндік береді. Сынған тех-

никаны тасымалдап, уақыт пен қаражат жұмсаудың қажеті жоқ. Инвестициялық кеңесте қолдау көрсетілген жобалар экономиканың көптеген салаларында қолданылады. Оларды үй, жол және басқа да бірқатар әлеуметтік нысан салғанда, сондай-ақ азық-түлік тауарлары қорын қалыптастыру барысында едәуір көмек көрсетпек. Әрбір жоба инвестициялармен бірге жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Инвесторларға ел басылығының тапсырмасына сәйкес қолайлы жағдай жасап, инвестициялық климатты жақсарту бойынша жұмыс атқарамыз. Әр инвестормен жеке жұмыстанамыз».

КӨПІР УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

» Елорда тұрғындары мен қонақтары жол жүру бағыттарын алдын ала жоспарлауы қажеттігін еске саламыз. Қаламыздағы Рақымжан Қошқарбаев даңғылынан бастап көлік айрығына дейінгі учаскеде М1 көпірінде маршруттық әдіспен орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Осыған байланысты 29-30 тамыз аралығында автокөлік қозғалысы үшін көше ішінара жабылады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін өз маршруттарын алдын ала жоспарлауы қажет. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жөндеу жұмыстары жүргізілуіне түсіністікпен қарауды сұраймыз» деп атап өтті Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы.



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРҒА АЛҒЫС ЖАРИЯЛАНДЫ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов жастар ұйымдарының өкілдерімен, еріктілермен кездесті. Конституция күні қарсаңында Елбасы мен Президент атынан жастар ұйымдары мен волонтерлік қозғалыстардың белсенді өкілдеріне алғыс хаттар табыс етті.



Жиында жастар тұрғын үй бағдарламасы мәселелерін көтерді. Сонымен қатар экология, волонтерлік жобаларды қолдау: түрлі тақырыптар мен салалар бойынша тегін курстарды оқыту, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау, спортпен шұғылдануға болатын спорт-мараттарының санын арттыру және басқа да мәселелер ортаға салынды. Осы орайда әкім биыл жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасын жалғастыратынын айтты.

Сондай-ақ әкім «Елорда жастары» астаналық бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлейтінін жеткізді. «Бүгін жастар ұйымдарының өкілдерімен, еріктілермен кездесіп, ұсыныстарын тыңдадық. Олар-

дың идеяларын бағдарлама тұжырымдамасына енгіземіз. Жастар – еліміздің даму драйвері, пандемия кезінде олар коронавируспен күресуге зор үлес қосты. Арнайы оқытылған еріктілер блокбекеттерде кезекшілік атқарды, дезинфекция жұмыстарын жүргізді, дәрі-дәрмектер мен қорғаныс құралдарын тасымалдады. Зейнеткерлеріміз бен медицина қызметкерлеріне көмек көрсетуді жалғастырып жатыр. Келген әр адамның пікірін тыңдау біз үшін маңызды болды. Жастарымыздың қаланы дамытуға атсалысып жатқаны қуантады. Сұрақтардың басым бөлігі шешімін тапты, қалғандары бойынша тағы да кездесулер өткіземіз» деп қорытындылады кездесуді қала басшысы.

ЖЕКСЕНБІДЕ АВТОБУС ЖҮРМЕЙДІ

» Алдағы жексенбіде елорданың автобустары мен автопарктерінде дезинфекциялық жұмыстар жүргізілетін себепті, қоғамдық көлік қозғалысы бір күнге уақытша тоқтатылады. Дүйсенбіден бастап, 31 тамызда қалалық және қала маңына қатынайтын автобустар қалыпты жұмысын жалғастыратын болады.

Бұдан әрі елордадағы жолаушылар автобустары рейстерге бекітілген кесте бойынша 23:00-ге дейін жұмыс істейді. Жо-

лаушылар санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді қатаң сақтауы қажет. Салонға маскәсіз кіруге тыйым салынады.



ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ

» 30-31 тамызда Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайындағы СТС орталық кассасы жұмыс істемейді.

Егер орталық касса арқылы көлік карталарын сатып алуға және толтыруға; мектеп және жеңілдігі бар көлік карталарын шығару/қайта шығару үшін өтінім беруге; ақшалай қаражатты қайтаруға; жұмыс істемейтін және бұ-

зылған жеке көлік карталарында қалған ақшаны қайтаруға қатысты, тағы басқа шұғыл жұмыстарыңызды бүгін, 29 тамызда, сағат 09:00-18:00 аралығында бітіруге болады. Бұл күні СТС орталық кассасы үзіліссіз жұмыс істейді.



» Тәуелсіз еліміздің қолданыстағы Конституциясына 2020 жылғы 30 тамызда 25 жыл болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әзірленген бұл Ата Заңымыз 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу (бүкілхалықтық дауыс беру) жолымен қабылданды. Осы тарихи құжатты қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі – өзінің егемендік құқығын баянды етті.



ШИРЕК ҒАСЫР – ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫНДА

Қазақстан Конституциясының басты тарихи маңызы еліміздің ұлттық бірлігін нығайту мен қоғамымызды одан әрі демократияландыруға ерекше көңіл бөлуі дер едік. Оның өзіндік себебі де бар. Өйткені еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда бірқатар түсінбеушілік орын алған болатын. Бүгінгі таңда, кейбір деректерге қарағанда, осы мәселелерге байланысты біршама алаңдаушылық білдірген азаматтар бар. Олар – Қазақстанның мақтаншысы. Геннадий Головкин, Александр Винокуров, Ольга Рыпакова секілді қаншама атақты спортшыларымыз әлемнің спорт ареналарында Қазақстанның намысын қорғап, абыройын асқақтатып жүр».

Ұлтаралық келісімге елімізде Қазақстан Конституциясының аясында жүргізіліп жатқан демократиялық өзгерістер өзінің оң әсерін тигізіп отыр. Енді осы өзгерістерге тоқтала кетсек деймін. Баршаға мәлім, еліміз тәуелсіздік алған уақыт ішінде екі Конституция қабылданды. Оның біріншісі 1993 жылдың қаңтарында қабылданған еді. Мұның Ата Заңның бұрынғы КСРО Конституциясының көшірмесіне айналған Қазақ КСР Конституциясымен салыстырғанда едәуір айырмашылығы мен өзгешелігі болды.

Дегенмен бұл бірінші Ата Заңның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі де бар еді. Оған басты себеп – бұрын еркіндік билігі қолына тимеген, оның дәмін татпаған, оған тиісті әзірлігі болмаған елде Ата Заңды асықпай, терең және жан-жақты байыппен қарап қабылдауға белгілі бір уақыт қажет. Осыған қарамастан конституциялық заң жүйесін қалыптастыруда ондаған, жүздеген жылдар бойы тәжірибе жинақтаған өркениетті елдердің өткен жолдарын біздің жас мемлекетімізге аса қысқа уақыт ішінде жүріп өтуге тура келді. Сондықтан егемен елдің бірінші Конституциясын жасауда асығыстыққа

құқықтарға ие. Орыстар – біздің халқымыздың бір бөлігі. Олар Қазақстанның қалыптасуына, дамуына зор үлес қосты. Оны ұмытуға болмайды. Көптеген орыс есімдері біздің тарихымызда алтын әріппен жазылған: Григорий Потанин, Павел Зенков, Евгений Брусиловский, Александр Затаевич, Александр Бараев, Сергей Луганский, Иван Шухов, Иван Панфилов, Иван Павлов, Николай Макиевский. Бұлардан бөлек, басқа да көптеген азаматтар бар. Олар – Қазақстанның мақтаншысы. Геннадий Головкин, Александр Винокуров, Ольга Рыпакова секілді қаншама атақты спортшыларымыз әлемнің спорт ареналарында Қазақстанның намысын қорғап, абыройын асқақтатып жүр».

Ұлтаралық келісімге елімізде Қазақстан Конституциясының аясында жүргізіліп жатқан демократиялық өзгерістер өзінің оң әсерін тигізіп отыр. Енді осы өзгерістерге тоқтала кетсек деймін. Баршаға мәлім, еліміз тәуелсіздік алған уақыт ішінде екі Конституция қабылданды. Оның біріншісі 1993 жылдың қаңтарында қабылданған еді. Мұның Ата Заңның бұрынғы КСРО Конституциясының көшірмесіне айналған Қазақ КСР Конституциясымен салыстырғанда едәуір айырмашылығы мен өзгешелігі болды.

Дегенмен бұл бірінші Ата Заңның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі де бар еді. Оған басты себеп – бұрын еркіндік билігі қолына тимеген, оның дәмін татпаған, оған тиісті әзірлігі болмаған елде Ата Заңды асықпай, терең және жан-жақты байыппен қарап қабылдауға белгілі бір уақыт қажет. Осыған қарамастан конституциялық заң жүйесін қалыптастыруда ондаған, жүздеген жылдар бойы тәжірибе жинақтаған өркениетті елдердің өткен жолдарын біздің жас мемлекетімізге аса қысқа уақыт ішінде жүріп өтуге тура келді. Сондықтан егемен елдің бірінші Конституциясын жасауда асығыстыққа

жол берілді. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде былай деп жазған еді: «Еліміздің алғашқы Конституциясы 1993 жылғы қаңтар айында күшіне енген бойда-ақ өзінің кемшіліктерін, әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің шын ахуалынан аулақ жатқандығын көрсетті».

Конституция жобасын жасаушылар көп жағдайда «еркіндік» сөзінен туындаған асқақ сезімнен шыға алмады. Оның үстіне бұған біздің қоғамның тарихында осы уақытқа дейін орын алған коммунистік қиялдар мен қағидалар да өзінің едәуір ықпалын тигізді. Осындай себеп-салдарға байланысты жас тәуелсіз мемлекеттің жаңа Конституциясын қабылдау қажеттілігін уақыттың өзі алға тартты. Оны 1995 жылғы наурыз айындағы өте қауырт оқиғалар да жеделдетте түсті. Олар 13-інші сайланған Республика Жоғарғы Кеңесінің құқықсыздығын танудан және бұрынғы конституциялық тұжырымдарының біршама күйкіліктерінің көрініс беруінен айрықша байқалды. Сондықтан бұл шым-шытырық жағдайлар елімізде конституциялық реформалар проблемасын тез арада шешуді күн тәртібіне қойды. Өйткені жаңа нарықтық кезең жалпы мемлекет көлемінде экономикалық реформалардың одан әрі тежелуін, саяси өзгерістер мәселелеріндегі бөгелуді жоюды талап етті. Мұның өзі батыл әрі принципті саяси және заңды бетбұрыс қажеттігін туғызды.

Нәтижесінде, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан азаматтарының тікелей еркін білдіру, бүкілхалықтық дауыс беру арқылы 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Оған қатысқан адамдардың 90 пайызы біздің мемлекетіміздің жаңа Ата Заңын жақтап дауыс берді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау қажеттілігі туралы мәселенің өзіндік тарихы бар. Баршаға

мәлім, 1993 жылдың қаңтарына дейін елімізде 1987 жылы соңғы толықтырулар мен өзгертулер енгізілген Қазақ КСР Конституциясы әрекет етті. Ол бірақ Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялау, нарықтық экономика, демократиялық және құқықтық мемлекет құруда мемлекет пен қоғам өмірінің конституциялық негіздерін сапалы жаңарту қажеттілігіне сай келмеді. Сондықтан 1990 жылы жаңа Конституция жобасын жасау бойынша жұмыс жүргізіле бастады, нәтижесінде ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызшы сессиясында 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданды.

Алайда, жоғарыда айтып кеткеніміздей, 1993 жылғы ҚР Конституциясы күшіне енгеннен кейін оның кемшіліктері – Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістен алшақтығы байқала бастады. Осыған орай, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясының бірінші сессиясында былай деп айтқан еді: «Демократиялық қоғамның ажырамас анықтағышы – шынайы заң үстемдігі, барлық азаматтардың қоғаммен жасалған және қабылданған ережелерді сақтауы болып табылады. Сіздерді және барлық азаматтарды ерекше жауапкершілік сезінуге шақырамын, біздің үлесімізге ұлы өзгеріс заманында өмір сүру және әрекет ету тиіп отыр. Біздің бүгінгі істегенімізге ертең біздің ұрпағымыз баға береді. XXI ғасырға Қазақстанның қандай болып кіруі бізге байланысты! Біздің балаларымыздың да тағдыры солай болмақ».

Осылайша, елімізде конституциялық реформа жүргізу қажеттілігі туды, парламенттік дағдарыс, 1995 жылдың көктемінде Үкіметтің орнынан түсуі жаңа Конституция қабылдауға әкелді. Осының бәрін жақсы түсінген ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің қазіргі Ата Заңын қабылдауға бастамашы болды. Жаңа Консти-

туция жобасының негізіне адам және азаматтардың бостандықтары мен құқықтарының үстемдігі, берік конституциялық мемлекет құру тұжырымдамалары салынды.

Соның негізінде Қазақстанның президенттік республика жолына түскені айқын байқалды. Барлық басты билік Президенттің қолына шоғырланды. Президент конституциялық негізде Парламентті шақыру немесе тарату және заң шығару бастамашысы құқығына ие болды. Сонымен бірге Президент Конституция талабына сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері арасында өзара өкілеттілік, олардың арақатынасын үйлестірді.

Қазіргі Конституция бойынша харизматикалық саяси тұлға ретінде Қазақстан Президенті халыққа ғана бағынатын қайраткерге айналды. Мұны біз соңғы екі Конституцияны өзара салыстырғанда айқын аңғара аламыз. Егер 1993 жылғы Конституцияның 78-бабында Президент жыл сайын Жоғарғы Кеңеске республикадағы жағдай туралы баяндама тапсырып және оны Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саяси қызметінің маңызды мәселелері жайында хабарлар етіп отыруға тиіс болса, 1995 жылғы Конституцияның 44-бабы бойынша Президенттің енді Парламентке ақпарат беріп тұруы айтылмайды, алайда ол бұл мәселелер бойынша тікелей Қазақстан халқына Жолдау жариялап тұрады. Яғни Президент Мемлекет басшысы ретінде Парламенттен толық тәуелсіз. Парламентке есепті енді Президент емес, Үкімет береді.

Сонымен қатар Конституцияда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің халықаралық беделін жоғарылатудағы тарихи маңызы ерекше атап көрсетілген. Онда біздің егеменді мемлекетіміздің әлем қоғамдастығы алдындағы мән-мағынасы, рухы мен бүкіл болмысы, оның өркениетті даму кезеңінің ерекшеліктері, әлемдік демократиялық құндылықтары жан-жақты көрініс тапқан.

Бұл – Конституцияның сөзсіз жаңашылдығы.

Ата Заңның ерекшелігі – ол билік тармақтарының ешқайсысына, мемлекеттік лауазым иелеріне конституциялық құқықтарды бұзуға жол бермеуінде. Мейлі, ол елдің Президенті немесе қатардағы қызметкер болсын, негізгі конституциялық құқықтарды, соның ішінде адам құқықтары мен бостандығын аяққа басуға жол бермейді. Бұрынғы Ата Заңда көрсетілген, бірақ жете тиянақталмаған көптеген маңызды мәселелердің түйіні Конституцияда жаңаша шешілген.

Конституцияда республиканың азаматтығы туралы талас-тартысқа біржолата нүкте қойылған. Осыған байланысты Қазақстан Конституциясында қос азаматтық болмайтыны заң жүзінде бекітілді.

Ата Заңда бүгінгі таңда іс жүзінде орындалмайтын, азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету құқығы қысқартылып, оның орнына «Еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар» деп көрсетілген. Мұның өзі елдің нарықтық экономика жолына түсуінің айқын дәлелі іспетті. Ата Заңда азаматтардың құқықтарымен бірге оларға қойылатын талаптар да жан-жақты көрсетілген.

Қазақстан жаңа Конституцияны қабылдау арқылы дүниежүзілік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алды. Қазіргі Ата Заң – еліміздің өтпелі және одан әрі алға даму кезеңіндегі маңызды тарихи құжат. Сондықтан республиканың әрбір азаматы оның мазмұнын жете біліп, талаптары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті.

Мемлекетіміздің жоғары заң шығарушы органы – Парламент 2007 жылғы мамыр айында Конституцияға тарихи маңызы бар бес бағытта түзетулер енгізу туралы шешім қабылдағаны баршаға мәлім. Соның негізінде, біріншіден, Президент өкілеттіктерінің бір бөлігін Парламентке бөліп беру және Парламент депутаттарын сайлау жүйесіне қатысты өзгерістер енгізу жүзеге асырылды. Екіншіден, саяси

партиялардың Парламенттегі рөлі артып, Мәжілісте де, Сенатта да депутаттар саны өсіп, 154-ке жетті. Оның 47-сі – жоғарғы палата, 107-сі – төменгі палата депутаттары.

Бұған қоса, Парламенттің, әсіресе, Мәжілістің өкілеттіктері едәуір кеңейтілді. Оған Үкіметті жасақтау мен оның жұмысын бақылаудың негізгі тетіктері берілді. Үшіншіден, жергілікті органдардың өзін-өзі басқарудың рөлін арттыруға қатысты, яғни мәслихаттардың өкілеттілігін кеңейтуге қол жеткізілді. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар (Нұр-Сұлтан, Шымкент пен Алматы) әкімдері қызметіне кандидатураларды тағайындау жөнінде мәслихаттармен келісу рәсімі енгізілді, олардың өкілеттік мерзімдерін ұзарту және тағы басқа да рәсімдер бекітілді. Төртіншіден, Конституцияға құқық қорғау жүйесін одан әрі дамытуға байланысты толықтырулар жасалды. Сот жүйесінің тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Прокуратура, алдын ала тергеу, жауап алу органдарының қызметі туралы қағидаларға өзгерістер енгізілді. Бесіншіден, адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін дамытуға қатысты толықтырулар қабылданды. Тұтастай алғанда, енгізілген өзгерістер біздің мемлекетіміз бен қоғамымызды бұрынғыдан да көп ретте демократияландыруға мүмкіндік берді.

Қорытып айтқанда, 2007 және 2017 жылғы конституциялық реформалар бойынша енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар билік тармақтары арасында тиімді теңгерім жүйесінің қалыптасуына бағытталған. Бұл мақсатта Парламентке Президент өкілеттіктерінің елеулі бөлігі берілген.

Әсіресе, Қазақстан халқы ассамблеясының Мәжілістегі өкілдігі туралы мәселені шешу маңызды болды: енді тоғыз депутатты осы жалпықазақстандық көпұлтты форум сайлайды. Парламенттің қос палатасының әскери құрылымын, сондай-ақ сот органдарының басшыларын бекіту мәселелері жөніндегі өкілеттіктері кеңейді. Оған қоса, Парламент депутаттарының саны 154-ке дейін, оның ішінде: 47 сенатор және 107 мәжілісші болып көбейді. Сонымен қатар Мәжілістің 98 депутаты қазіргі таңда партиялық тізімдер бойынша саяси партиялар атынан сайланады.

Сенатты әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және астанадан екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сенаттың сайланатын депутаттарының жартысы әрбір үш жылда қайта сайланады. Сенаттың 15 депутатын қоғамның ұлттық-мәдени және басқадай маңызды мүдделерінің Сенаттағы өкілдігін Үкіметтің қамтамасыз етуі қажеттігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарыда баяндалған маңызды шаралар мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен деңгейін арттыруға бағытталғанын жан-жақты ашып көрсетеді. Осының барлығына біздің қолымыз Ата Заңымызда көзделген тарихи ережелерге сүйене отырып, Елбасы белгілеп берген басымдықтарды Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі басшылығымен жүзеге асыру, атап айтқанда: ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін дамыту, денсаулық сақтау саласының қазіргі заманғы стандарттарына өтуін, ұлттық мәдени және рухани әлеуетінің өркендеуін қамтамасыз ету арқылы жетіп отыр.

Талғатбек ӘМИНОВ,
Мемлекет тарихи институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

ӘР ЕЛДІҢ ЗАҢЫ БАСҚА

» Әлемде қанша мемлекет болса, халқының азаттығы мен теңдігін, діні мен ділін бекіткен соншама заңы бар. Олардың алғашқы түрлері біздің дәуірімізге дейінгі кезеңде жазылса, біртіндеп замандағы нұсқалары да ерекше сипаты мен құндылығына, мәні мен мазмұнына қарай әлемдік Конституция тарихының бір бөлшегіне айналып кеткен.

Айгүл УАЙСОВА

Әдетте, 1787 жылы АҚШ-тың қазіргі қолданыстағы Конституциясын жаңа дәуірдің алғашқы қабылданған Конституциясы деп атап жүр. Бір қызығы, бұл құжатта «демократия» деген ұғым жоқ және көлемі жағынан тым қысқа, бар-жоғы 4400 сөзден тұрады екен. Сонда да мәртебесі биік, жыл сайын 17 қыркүйекте Филадельфияда әлемдегі тұңғыш Америка Құрама Штаттары Конституциясының қабылданған күнін атап өтеді. Ал ежелгі Конституция 1600 жылы Сан-Маринода қабылданған. Бұл Конституция Сан-Марино қаласының 1300 жылы қабылданған жарғысы негізінде құрастырылған екен.

Үндістанның 1949 жылы қабылданып, бір жылдан кейін күшіне енген, 395 баптан, 12 бөлімнен, 500 толықтыру мен түзетуден, 117400 сөзден тұратын Конституциясы көлемі жағынан ең үлкен болып есептеледі. Еуроодақ Конституциясы 448 тараудан, 60 мың сөзден тұрады.

Барлық заңдарда адам мен оның құқығы басты құндылық деп айтылған. Аргентина одан да асып, «елде құл жоқ» деп мәлім еткен, ал өзге өңірден келген құл бұл мемлекетте табаны тиген сәтте азат атанады.

Тонга Республикасының басты заңында да адамның азаттығына мән берілген. 1875 жылы қабылданған Конституциясында «Құдайдың еркімен» барлық адамдар азат, өз өмірі, еркіндігі мен уақытына қалауынша иелік етеді. Бұл мемлекеттің жері корольдікі болып есептеледі, ешкімге сатылмайды.

1815 жылы король І-Вильгельм бекіткен Нидерланды корольдігінің Конституциясында қызық жазба бар. Онда өз еркі мен сөз бостандығы туралы ережедегі айтылған жайттардың жарнамаға жүрмейтіні ескерткен.

1831 жылы қабылданған Бельгия Конституциясында (қазіргі күні 1994 жылғы редакциясы қолданыста) елді тілдік принциптері бойынша субъектілерге бөлудің күрделі құрылымын нығыздаған. Бұл ел француз, фламанд және неміс тілді қауымдастықтан құралған және француз, голланд, неміс және франко-голландтық қос тілді мемлекет астанасы Брюссельмен қосқанда төрт тілдік аймағы бар. Парламент мүшелері де француз және голландтық екі тілдік топқа бөлінген. Министрлер кеңесінің мүшелері осы тілдерде сөйлейтіндей болып, сан жағынан тең болуы тиіс. Елдегі қолданыстағы барлық тілдердің еркін айналымын жария ете отырып, осы тілдердің біреуін де мемлекеттік тіл деп атамаған.

Ал 1959 жылы қабылдаған Сингапурдың заңында ағылшын, қытай, малай және тамил тілдері ресми тіл болып бекітілген. Дегенмен малай тіліне ұлттық статус берілген. Ол туралы арнайы ереже бар. Соған сәйкес, «жергілікті тұрғындардың өкілі» болып табылатын малайлардың жағдайы ай-



рықша қаралып, оның мүдделерін қорғауды мемлекеттің міндетіне алғанын заңмен бекіткен.

Австралияның Австралиялық одақ Конституциясы 1900 жылдан бері алты рет өзгеріске түскен. 1967 жылы мәтіннен халық санағы кезінде аборигендерді есепке алуға тыйым салынған ережені алып тастады.

Мексиканың негізгі заңы «Мексика құрама штаттарының саяси Конституциясы» деп аталады. Бұл заңда мұнай мен газды өндірумен тек қана мемлекет айналысады деп, сонымен бірге президент пен штат губернаторларына екінші мерзімге қайта сайлануына тыйым салынған. Тағы айтатын нәрсе, 1917 жылы қабылданған, 136 баптан тұратын, 9 бөлімді, 17 өтпелі ережелері бар Ата Заңын мексикалықтар «мәңгілік Конституция» деп атапты және барлық заманға арналған, тіпті төңкеріс болып жатса да өзгертілмейді деп шешті.

Коста-Рикада сайлауға түскен президенттікке үміткерлер тепе-тең дауыс жинаса, жасы кішісі үлкеніне жол береді. Президенттік жүйенің стандарттары қалыптасқан елдермен салыстырғанда Коста-Рикада бір вице-президент емес, екеуі қатар сайланады. Оның ретін заңында нақтылап берген екен.

Австрияның федералды конституциялық заңы 1920 жылы қабылданған. Бұл – Австрия-Венгер монархиясы ыдырап, 1918 жылы республика болып қалыптасқан кезіндегі алғашқы заңы. Ол 1934-1945 жылдары елдегі фашистік диктатураға байланысты қолданыста болмаған. Заң Австриядағы «орнықты нейтралитетті» жария етсе де, сырттан тиетін күштерден «жан-жақты қорғану» құқығын жариялаған. Мұның астарын тарқатып, оған экономикалық, азаматтық идеологиялық және әскери шараларды меңзеген. Елдің еркек кіндіктеріне әскерде қызмет етуді немесе балама қызметті атқаруды міндеттеген.

Лихтенштейн князьдігінің Конституциясында да азаматтарына екі нәрсені міндеттейді. Біріншісі мектепте білім алуы болса, екіншісі 60 жасқа жеткенге дейін, қажет болған жағдайда, елді жаудан қорғауы тиіс.

«Бірінші – ресми тіл – ирланд тілі, ағылшын тілі – екінші ресми тіл» деп таныған Ирландия Конституциясында «қоғамның негізін біріктіретін және табиғи қайнар көзі» болып табылатын отбасы мен некені мемлекет тұрғысынан қорғау – осы құжаттың басты ерекшелігі. «Әйелдер өздерінің үй шаруасын дөңгелетуі арқылы мемлекетке қолдау көрсетеді, онсыз ортақ игілікке қол жеткізу мүмкін емес» деп мойындаған. «Аналардың үй шаруасындағы міндеттеріне кесірін тигізіп, экономи-

калық қажеттіліктен жұмыс істеуге мәжбүр болмауы» үшін мемлекет барлық күшін салып шара қолданатыны айтылған.

Ал Доминикан Республикасының Конституциясында балалардың айрықша жағдайы айтылады. Республика аумағында дүниеге келген барлық сәбилерге осы елдің азаматтығы берілуін қамтамасыз етеді де, заңдағы арнайы ережемен иммигранттардың балаларын бұл мәртебеден құр қалдырған. Яғни «бұл елде транзитпен тұратындарға» заңның бұл талабы жүрмейді. Адам құқығы, одан қалды балалар құқығын қорғайтын барлық халықаралық ұйымдар бұл заңды өзгертуін талап етсе де еш өзгеріс жоқ. Әзірге Доминиканда дүниеге келген өзге елдің баласы доминикандық бола алмайды.

Үндістанның Конституциясы көлемі жағынан ең үлкен болып есептелетінін жоғарыда айттық. Онда не жазылған дерсіз. Тек қана ұлттық тілдің жағдайы туралы оннан астам бабы бар. Тіпті түрлі органдарға арыз беру кезінде қандай тілді таңдау керектігі де айтылады. Егер Үндістан президентінің айлығын білгіңіз келсе, тағы да заңна үңіліңіз: «президентке 50 мың рупий, штат губернаторына айына 36 мың рупий жалақы» белгіленген.

Италияндар басты заңы арқылы «ескіліктің сарқыншағы» деп ақсуіек атаулының жоғары мәртебелі атақтарын құрдымға жіберіп, елін «еңбекке негізделген демократиялық республика» деп бекіткен. Басты заңда еңбек қатынастары ұңғыл-шұңғылына дейін тәптіштеп баяндалып, кәсіподақтардың қызметін де осы заңмен реттеген.

Заңна қарап ел туралы көп мағлұмат алуға болады. Бір корейдің екі мемлекетке бөлінгені елдің қабырғасына батады, әрине. Содан да корей ағайындардың бір мемлекет аясында бірігуі қажеттігін негізгі заңында кем дегенде екі мәрте атап өткен. «Адамзаттық және бауырластық сүйіспеншілік пен әділдік негізінде» бірігуі тиіс деп айта келе, Корей Республикасының территориялық аумағы дегенде «Корей түбегі мен оған ұштасып жатқан аралдар» деп анықтапты. Корей Халық-Демократиялық Республикасының социалистік Конституциясы 1972 жылы ғана қабылданған. Оның алдындағы заңы кеңестік үлгідегі 1948 жылғы нұсқасы болған. Жаңа Конституцияның қажеттілігі Ким Ир Сеннің дүниеден өтіп, орнына оның ұлы Ким Чен Ирдің келуі болыпты. Преамбула толығымен «мәңгілік жетекші» Ким Чен Ирге арналып, «ұлтымыздың жарық күні және Отанымызды біріктіру ісіндегі жол сілтеуші жарық жұлдыз» деп ұлықтайды.

Ал кейбір ислам елдерінің Ата Заңы – Құран. Сонымен бірге, сараланған Конституциясы жоқ мемлекеттер де бар.



Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау қажеттілігі туралы мәселенің өзіндік тарихы бар. Баршаға мәлім, 1993 жылдың қаңтарына дейін елімізде 1987 жылы соңғы толықтырулар мен өзгертулер енгізілген Қазақ КСР Конституциясы әрекет етті. Ол бірақ Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялау, нарықтық экономика, демократиялық және құқықтық мемлекет құруда мемлекет пен қоғам өмірінің конституциялық негіздерін сапалы жаңарту қажеттілігіне сай келмеді. Сондықтан 1990 жылы жаңа Конституция жобасын жасау бойынша жұмыс жүргізіле бастады, нәтижесінде ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясында 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданды

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Нұр-Сұлтан қаласының спортшыларына ай сайынғы ақшалай қамтылым төлеу мөлшерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 20-4-тармағына, 45-бабының 2-тармағына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Нұр-Сұлтан қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай қамтылым төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Астана қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай үлес төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы №112-10 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1154 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М.Мәкенге жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары **Б. Мәкен**

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы **Ж. Шәукентаев**

«Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы **С. Ергалиев**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Нұр-Сұлтан қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай қамтылым төлеу мөлшері

| Р/с № | Спорттық іс-шараның атауы | Жүлделі орын | Қамтылым төлеу көлемі (АЕК) |
|-------|---|--|---|
| 1 | Олимпиада және Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын 4-орын 5-орын 6-орын | 250 дейін 200 дейін 150 дейін 90 дейін 70 дейін 60 дейін |
| 2 | Олимпиада ойындарында үміткер спортшылар (Қазақстан Республикасының ұлттық штаттық командасына енген) | Олимпиада ойындарына қатысу үшін лицензия | 80 дейін |

| | | | |
|-----|---|--|---|
| 3. | Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын 4-орын 5-орын 6-орын | 100 дейін 80 дейін 70 дейін 50 дейін 40 дейін 30 дейін |
| 4. | Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 100 дейін 90 дейін 80 дейін |
| 5. | Жабық ғимараттардағы Азия ойындарын қоспағанда Азия, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 120 дейін 110 дейін 100 дейін |
| 6. | Азия жастары ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 80 дейін 70 дейін 60 дейін |
| 7. | Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 100 дейін 90 дейін 80 дейін |
| 8. | Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 80 дейін 70 дейін 60 дейін |
| 9. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 60 дейін 50 дейін 40 дейін |
| 10. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Азия чемпионаты, Азия балалары, жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Әлем чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 40 дейін 35 дейін 30 дейін |
| 11. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 35 дейін 30 дейін 25 дейін |
| 12. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 60 дейін 50 дейін 40 дейін |
| 13. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Жастар ойындары мен Қазақстан Республикасының чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 35 дейін 30 дейін 25 дейін |
| 14. | Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты | 1-орын | 15 дейін |
| 15. | Қазақстан Республикасының Паралимпиялық ойындары, тірек-қимыл аппараты, естүі мен көруі зақымдалған мүгедек-спортшылар ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 40 дейін 20 дейін 15 дейін |
| 16. | Ұлттық спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты, Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 40 дейін 35 дейін 30 дейін |
| 17. | Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасында Азия чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 45 дейін 40 дейін 35 дейін |
| 18. | Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасында Әлем чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 50 дейін 45 дейін 40 дейін |
| 19. | Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты | 1-орын | 35 дейін |

Олимпиадалық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының құрама командаларына кіретін Нұр-Сұлтан қаласының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) спортшыларының жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай қамтылым төлеу мөлшері

| Р/с № | Спорттық іс-шараның атауы | Жүлделі орын | Қамтылым төлеу көлемі (АЕК) |
|-------|--|----------------------------|----------------------------------|
| 1. | Ересектер арасындағы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы) | 1-орын 2-орын 3-орын | 60 дейін 50 дейін 40 дейін |
| 2. | Жасөспірімдер Олимпиада ойындары | 1-орын 2-орын 3-орын | 50 дейін 40 дейін 30 дейін |
| 3. | Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты, Азия ойындары | 1-орын 2-орын 3-орын | 40 дейін 35 дейін 30 дейін |
| 4. | Ересектер арасындағы Дүниежүзілік универсиада, Азия чемпионаты | 1-орын 2-орын 3-орын | 30 дейін 25 дейін 20 дейін |

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosgeest.kz веб-порталында бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2020 жылғы 15 қыркүйек өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2020 жылғы «15» қыркүйек сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. Газ 2705 18, ш.ж. 2006, ақ түсті, шанақ №27050060240200, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №2 153 КР. Бастапқы баға – 2 070 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

2. Honda, ш.ж. 1998, ақ түсті, шанақ №RC182305981, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №03701. Бастапқы баға – 996 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

3. Honda, ш.ж. 1998, ақ түсті, шанақ №RC182306001, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №03801. Бастапқы баға – 996 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

4. Volkswagen Golf, ш.ж. 1998, күміс түсті, шанақ №WVWZZZ1JZWW001047, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z 186 КР. Бастапқы баға – 1 560 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

5. Volkswagen Golf, ш.ж. 2000, көк түсті, шанақ №WVWZZZ1JZYW243916, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №307401. Бастапқы баға – 1 716 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

6. Volkswagen Passat, ш.ж. 2006, күміс түсті, шанақ №LSVDM49F362324672, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z 604 КР. Бастапқы баға – 2 235 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

7. Ваз 21103, ш.ж. 2004, жасыл түсті, шанақ №ХТА21103040773433, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №335701. Бастапқы баға – 810 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

8. Ваз 21103, ш.ж. 2004, жасыл түсті, шанақ №ХТА21103040772897, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z447КР. Бастапқы баға – 810 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

9. Ваз 21103, ш.ж. 2004, сұр-көк түсті, шанақ №ХТА21103040773420, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z447КР. Бастапқы баға – 810 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

10. Ваз 21099, ш.ж. 2003, көк түсті, шанақ №ХТА21099043583695, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z497КР. Бастапқы баға – 810 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

11. Газ 322132 224, ш.ж. 2003, ақ түсті, шанақ №32210030070540 көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №Z190КР. Бастапқы баға – 2 070 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

12. Уаз 315142-012, ш.ж. 2007, сұр түсті, шанақ №31514070021980, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының ішкі істер департаменті» ММ, м.н. №313701. Бастапқы баға – 1 109 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған Қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысудың электронды өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркегеннен кейін тізілім веб-порталымен үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болған жағдайда, тізілім веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін қайтарады.

Тізілім веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін қолданыла отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлкті жекешелендіру ресімдері «Жекешелендіру объек-

тілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-каб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, салыстыру үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат; заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер: 1) IBAN KZ94601711100000330, БСК: HSBKZKX, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; Кбе: 11;

Төлемді алушы (каз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455.

Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-каб. мекенжайы, 55 01 68, 55-68-15 телефоны бойынша жүгінуге болады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №101 (4070) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|--------------|---------------|-------------|-----------------|-----------------------|---|
| 1750 | ЕСИМ-СЕЙТОВ | НУР-ЛАН | АХМЕДИ-ЯРОВИЧ | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1751 | БАЛТА-БАЕВА | ШОЛ-ПАН | АИПБЕР-ГЕНОВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1752 | АХМЕТ-ЖАHO-BA | МЕРУ-ЕРТ | ЖАНА-ТОВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1753 | АМАН-ТАЕВА | САМАЛ | КАБДРА-ШИТОВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1754 | БОРАШ | АРАЙ-ЛЫМ | ХАМЗА-ЕВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1755 | САМЕ-ТОВА | АЙНАШ | ДОСКЕ-НОВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1756 | АХМЕ-ТОВА | ЖАНАР | АМАНТА-ЕВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1757 | ДОҒАМ-БЕКОВ | САР-СЕН | АЙТЫ-МОВИЧ | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1758 | КОЛЕС-НИКОВА | НАТА-Лья | АЛЕКСАН-ДРОВНА | 26.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1759 | МУКА-ШЕВА | АСЕМ | СЕРИ-КОВНА | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1760 | КАРЖА-ВОВ | МАКСАТ | БАХТИЯ-РОВИЧ | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1761 | АБДУГА-ЛИЕВА | ГУЛЬ-ЖАН | ХАМЗА-НОВНА | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1762 | СЕЙ-ТАКОВА | ҚУРА-ЛАЙ | ҒАЙ-САФА-ЛИҚЫЗЫ | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1763 | КУДА-БАЕВА | АНА-СТА-СИЯ | СЕРГЕЕВ-НА | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1764 | СЕКЕР-БЕКОВА | ИНДИ-РА | ДЮСЕ-НОВНА | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

| | | | | | |
|------|-----------------|-----------|----------------|------------|---|
| 1765 | БЕКМА-ГАМБЕ-ТОВ | АЙТ-МУРАТ | МУРАТ-БЕКОВИЧ | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1766 | ПЕ-ТРЕНКО | СВЕТ-ЛАНА | ВЛАДИ-МИРОВ-НА | 27.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1767 | МАКЕ-НОВА | ГАЛИ-НА | АЛИМ-ЖАHO-НА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1768 | НУРМА-ХАHOV | ОЛЖАС | ҚАЙРА-ТОВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1769 | ДО-СМАИ-ЛОВ | ҚАЙРАТ | БАЗАР-БАЕВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1770 | КАЛМЕ-НОВ | ШЫН-ГЫС | КАМШЫ-БЕКУЛЫ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1771 | САКЕН-БАЕВА | АҚМА-РАЛ | АХМЕ-ТОЛЛЮ-ВНА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1772 | АЙЕКЕ-НОВ | СЕЙЛЬ-БЕК | АЙЕКЕ-НОВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1773 | КАНА-ПИНА | ИЛЬ-МИРА | БАРЛЫ-БАЕВНА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

| | | | | | |
|------|----------------|-----------|-----------------|------------|---|
| 1774 | УРИН-БАЕВ | ОМАР | ЕСЕНБА-ЕВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1775 | НИЯЗ | АНАР-ГУЛ | ҒАЛЫМ-ЖАНҚЫ-ЗЫ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1776 | НЕГ-МЕТЖА-НОВА | НУР-ГУЛЬ | ЗЕЙНУЛ-ЛИНОВ-НА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1777 | ШАЙ-МАНО-ВА | САЛТА-НАТ | ТҮЛЕГЕ-НОВНА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1778 | АСКА-РОВ | АДІЛЬ-БЕК | ДУЙСЕН-БАЕВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1779 | НУРТА-ЗАЕВА | АЙ-ГУЛЬ | ПЕРНЕ-БАЕВНА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1780 | БАЙСА-РИНА | БАЯН | АУКЕ-НОВНА | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1781 | ИКЛА-СОВ | ДАР-ХАН | ШОКА-НОВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 1782 | СВАН-БАЕВ | ТОЛЕ-ГЕН | ТАҒАТБЕ-КОВИЧ | 30.03.2009 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

(Жалғасы бар)

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) 2020 жылғы «29» қыркүйек, сағат 15.00-де Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі 11, 544-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурса мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады: № 1 лот - № 31 маршруты.

3. Конкурса меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген

жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурса қатысуға тілек білдірушілер Басқармаға конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі 11, 549-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2020 жылғы «22» қыркүйек.

6. 2020 жылғы «7» қыркүйекте конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: 8 (7172) 55-14-98.



2020 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметінде ҚР Конституциясының 25 жылдық мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті. Сондай-ақ қызметте болудың шекті жасына жетуіне және отставкаға шығарылуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен атқарып отырған лауазымынан босатылған генерал-лейтенант Аюбаев Мұхтар Ақатұлы (22 тамызда ол 61 жасқа толды) зейнеткерлік демалысқа шығарып салу рәсімі өткізілді.

Іс-шара барысында генерал-лейтенант М.Аюбаев және басқа да қызметкерлер мен әскери қызметшілер «ҚР Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Мұхтар Ақатұлы Аюбаев жеке қүзет бастығынан Президент Қүзет қызметінің бастығы мен Республи-

калық ұланның қолбасшысына дейін қызмет атқарған, екі мемлекеттік органның дамуына қомақты үлес қосқан. Соңғы атқарған лауазымы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қүзет қызметі бастығының орынбасары – Айрықша мақсаттағы күштердің қолбасшысы.

Мінсіз қызметі мен жоғары кәсіпқойлығы үшін М.Аюбаев ҚР Президенті атынан бірнеше рет көтермеленген, І дәрежелі (2017) және ІІ дәрежелі (2010) «Даңқ», ІІ дәрежелі «Айбын» ордендерімен (2004), құрмет грамоталарымен марапатталған және алғыстар жарияланған.

ҚР Президенті Қүзет қызметінің құрметті қызметкері және Алматы облысының құрметті азаматы болып табылады. Үйленген, үш баласы бар.

СЫҒА ТАРТУ ШАРТЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮЛІК ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛУ

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) функциясының бірі елорданың коммуналдық меншігін берілетін мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлігі бойынша сыйға тарту шартын жасау туралы шешім қабылдау болып табылады.

2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін Басқармамен 163,3 млрд. теңге сомасына коммуналдық меншікке объектілерді қабылдау бойынша 343 шарт жасалды.

Ағымдағы жылдың 7 айына 9,5 млрд. теңге сомасына 95 сыйға тарту шарттары жасалды.

Активтерді қабылдаудың негізгі жиыны қаланың коммуналдық меншігінің құрылымына кіретін су, жылу және электрмен жабдықтаудың мамандандырылған коммуналдық кәсіпорындарымен күтіп ұстау және пайдалану мақсаттары үшін қаланың коммуналдық меншігінің құрамына көп пәтерлі үйлерінің және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерінің инженерлік желілері болып табылады.

Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасымен реттеледі.

Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу келесі тәртіпте жүзеге асырылады. Коммуналдық меншікке берілетін мүліктің иесі құқық белгілейтін құжаттарды қоса бере отырып, сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік

құқығына ие болу туралы ұсыныспен жергілікті атқарушы органға жүгінеді.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар мүліктің меншік иесінің өтініші алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде сыйға тарту шарты бойынша мүлік құқығын мемлекеттік меншікке алуының қажеттігі туралы қорытынды ұсыну үшін орталық атқарушы органдарды немесе жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдар уәкілетті берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды сыйға тарту шарты бойынша мемлекетке мүлік құқығын беру жөніндегі қолда бар ұсыныс туралы хабарлар етеді.

Мемлекеттік органдар тиісті ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқықтарына ие болу қажеттілігі (қажеттінің жоқтығы) туралы қорытынды дайындайды және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқықтарына ие болу қажеттігі мәселесін қару кезіндегі негізгі өлшемдер:

- 1) мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдаудың экономикалық орындылығы;
- 2) мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейінгі мақсаты мен пайдаланылуы;
- 3) берілетін мүліктің қаржылық қамтамасыз етілуі болып табылады.

Мемлекеттік органның қорытындысында көр-

сетілген мүлікті бекітіп беру көзделетін мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік кәсіпорын, сондай-ақ қабылданатын мүлікті ұстау және пайдалану бойынша қаржы шығындары көрсетілуі тиіс.

Коммуналдық меншікке берілетін мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлік бойынша сыйға тарту шартын жасау туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Жеке тұлғалардың мүлкін бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Ақша мен бағалы қағаздар бағалаушыны тартпастан, номиналы бойынша бағаланады. Занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер мүлкінің құны төңірегінде өзіндік көшірмем немесе бағалаушы жасайтын бағалау туралы есеппен расталады.

Шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік жиырма күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік меншікке берілетін мүліктің меншік иесі мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не оның аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті атқарушы органдар арасында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сыйға тарту шарты жасалады. Мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдау кезінде сыйға тарту шартында белгіленген мерзімде қабылдау-беру актісі (беру актісі) рәсімделеді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бағалы қағаздар нарығының объектілерін беру мен тіркеу шешім қабылданғаннан кейін не меншік иесінің болашақта мүлік құқығын мемлекеттік

меншікке өтеусіз беру уәдесін қамтитын сыйға тарту шартында белгіленген күн басталғаннан кейін бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

Ақша түріндегі мүлік тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі. Шетел валютасы шешім қабылданған күні не меншік иесінің болашақта мүлік құқығын мемлекеттік меншікке өтеусіз беру уәдесін қамтитын шартта белгіленген беру күні айқындалған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Сыйға тарту шартының негізінде жер учаскелерін жеке меншіктен мемлекеттік меншікке беру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншік құрамына жалпы пайдалу мақсаттарда беру (қайырмалдық) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 516-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттілігінің жоқ екендігі туралы қорытындылар ұсынған жағдайда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар мүліктің меншік иесіне мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдаудан бас тартуды жазбаша түрде жібереді.

Ж.ДӘУЛЕТОВ,
«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысының орынбасары



» Елорда филармониясының әншілері Конституция күніне арнап бейнебаян түсірді. Елорда өнерпаздары қаламыздың көрнекі жерлерін аралап, әсем ескерткіштерінің жанында Ернұр Өзімбаевтың «Мәңгілік ел» патриоттық әнін орындады. Ата Заңның 25 жылдығына орай түсірілген мерекелік бейнебаян қазақстандықтарға елордадан есте қаларлық тарту ретінде ұсынылды.

Айгүл УАЙСОВА

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы қазақ халқына негізгі құқық пен бостандық берді. Заңның үстемдігі қазірдің өзінде елді маңызды нәтижелерге жеткізді және оның әрі қарай дамуына ықпал етуде. Қазақстанды модернизациялауда елордамыз да елеулі үлес қосты. Сондықтан Нұр-Сұлтан филармония-



АТА ЗАҢҒА БЕЙНЕБАЯН АРНАДЫ

сының жаңа жобасында бас қаланың ең қызықты сәулеттік композициялары мен ғимараттарының әсемдігін де барынша қамтып, мерекелік

көңіл күйлерін ән шашумен жеткізді.

«Филармония әртістерінің мерекелік сыйы біздің еліміздің патриоттарын

қуантады деп сенемін» деді Нұр-Сұлтан қаласы филармониясының бас директоры Ерлан Дәкенов.

«Конституция» бейне-

баянына елорда филармониясының солистері Естай Мұқашев, Дос, Диана Маева, Дихан Ильяшев, Мұратбек Хайролда, Нұрбол Бала-

панов, Айдын Жұмабаев, Шахризада және Бибігүл Тыныштық, Әкімхан Маженов, Ақбота Құснадин және Дәстүр Асылхан орындады.

ФОТОЭТЮД



Александр КУПРИНКО



ӘСЕМ КҮЙГЕ БӨЛЕЙДІ

» 29 тамызда «Астана Опера» театрының әртістері Tengri TV мен театрдың YouTube арнасынан ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған жұртшылыққа мерекелік концерт ұсынады.

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мерекелік бағдарламаға қазақтың халық әндері мен Отан туралы патриоттық және лирикалық композициялар еніп отыр. Сахнада орындалатын елдің бірлігі мен ынтымағын жырлаған әндердің көбі – асыл қазынаға айналған туындылар. Концерт барысында театрдың талантты әртістері – Жанат Шыбықбаев, Жан Тапин, Меир Байнеш, Бейімбет Таңарықов, Айзада Қапонова, Салтанат Мұратбекова, Бибігүл Жанұзақ, Жәмиля Жарқымбаева, Мәдина Исламова, Елена Ганжа, Рамзат Балакишиев, Назым Сағынтай және т. б. өнерпаздар көрермендерді өз өнерлерімен әсем күйге бөлері анық.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

www.astana-akshamy.kz



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **ЖАРҚЫН ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №102

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru